



«КАСПИЙ ЛИМИТЕД»  
ЖШС-ТІҢ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ **2015**

# МАЗМҰН

CASPI LIMITED ТУРАЛЫ

БЕТ 4 >



CHAGALA GROUP БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ  
ХАБАРЛАМАСЫ

БЕТ 2 >



БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ

БЕТ 6 >



2015 ЖЫЛДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

БЕТ 7 >

НАРЫҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ,  
СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ЖАҒДАЯТ

БЕТ 14 >



КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ

БЕТ 22 >



НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН  
МІНДЕТТЕР

БЕТ 25 >



CASPI LIMITED АТҚАРАТЫН  
ІСКЕРЛІК ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

БЕТ 8 >



КОРПОРАТИВТІК  
ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖАУАПКЕРШІЛІК

БЕТ 20 >



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

БЕТ 26 >

# CHAGALA GROUP БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ



**ФРАНЦИСКО  
ПАРРИЛЛА**  
Бас директор

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТУРБУЛЕНТТІЛІККЕ  
ЖӘНЕ ШИЕЛЕНІСТІ ЖАҒДАЙҒА  
ҚАРАМАСТАН АЛДЫМЫЗҒА  
АКЦИОНЕРЛЕР ҚОЙҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛДЫҚ,  
СОНДАЙ-АҚ БОЛЖАЛДЫ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ  
КӨРСЕТЕ АЛДЫҚ.

Экономикалық турбуленттілікке және шиеленісті жағдайға қарамастан алдымызға акционерлер қойған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізе алдық, сондай-ақ болжалды операциялық және қаржылық көрсеткіштерді көрсете алдық. Біздің жетістіктеріміздің негізінде клиенттеріміздің және әріптестеріміздің сенімі, сонымен қатар Chagala Group қызметкерлері мен менеджерлерінің кәсібилігі, ісіне, жұмысына адалдығы және аймақта халықаралық стандарттарға сәйкес қонақтарымызға сервис пен жайлылықтың жоғарғы деңгейін ұсынуға дайындығы жатыр.



ӨТКЕН ЖЫЛЫ БІЗ CASPI LIMITED КОМПАНИЯСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТТІК. АТЫРАУ – БҰЛ БІЗДІҢ БИЗНЕСІМІЗДІҢ ЖҮРЕГІ, ДӘЛ ОСЫ ЖЕРДЕ - ОРАЛ ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАСЫНДА 20 ЖЫЛ БҰРЫН CHAGALA GROUP ДАМУЫ ӨЗ БАСТАУЫН АЛДЫ. ЕКІ ОН ЖЫЛДЫҚТЫҢ ІШІНДЕ КӨПТЕГЕН КОМПАНИЯЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ СӘТІМІЗ ТҮСТІ ЖӘНЕ СІЗДЕРГЕ БІЛДІРІЛГЕН СЕНІМДЕРІҢІЗ БЕН КӨП ЖЫЛДЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАРЫҢЫЗ ҮШІН АЛҒЫСЫМЫЗДЫ БІЛДІРЕМІЗ.

Өткен жылы біз Caspi Limited компаниясының 20 жылдығын атап өттік. Атырау – бұл біздің бизнесіміздің жүрегі, дәл осы жерде - Орал өзенінің жағасында 20 жыл бұрын Chagala Group дамуы өз бастауын алды. Екі он жылдықтың ішінде көптеген компаниялармен жұмыс істеуге сәтіміз түсті және сіздерге білдірілген сенімдеріңіз бен көп жылдық ынтымақтастықтарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз әрдайым өзіміздің маңызды қағидаларымызды ұстанамыз және Chagala Group клиенттері біздің мейманханаларымыз бен апартаменттерімізде өздерін өз үйіндегідей сезінуі үшін барлық жағдайларды жасаймыз.

Өткен жылы басқа да маңызды жетістіктер болды. Мысалы, Chagala Group-тың еншілес компаниясы Kurmangazy Development КПО Консорциумы үшін Оралдағы ірі жобасын қайта құруға кірісті, сонымен қатар біз Атыраудағы Ideal супермаркетінің құрылысын аяқтадық.

Біздің қызметкерлер – біздің болашағымыз, сондықтан 2015 жылы біз қызметкерлерді көтермелеу жүйесі мен даму бағдарламасы стратегиясын жүзеге асыруды жалғастырдық. Біз қызметкерлерімізге тиімді жұмыс ортасы мен көптеген қосымша кәсіби уәждемелі артықшылықтарды ұсынамыз.

Дүниежүзілік экономикадағы және ірі мұнай және газ жобаларды жүзеге асырудағы көптеген мәселелерге қарамастан, біздің операциялық және қаржы көрсеткіштеріндегі кейбір жақсартуларды көруге болады. Алда әлі көптеген істер бар, сондықтан біз үдерістегі мәселелер мен шақырулармен кездесеміз, бірақ бүгін мен Chagala Groupтың табысына сенетінімді атап өткім келеді.

Аяқтай келе, мен Chagala Group-тың барлық қызметкерлеріне және басшылығына іске деген бұлжымас адалдығы және компанияның табысына қосқан үлесі үшін алғыс білдіргім келеді. Сонымен қатар мен біздің іскер әріптестеріміз бен клиенттерімізге шынайы алғысымды білдіремін.

# CASPI LIMITED ТУРАЛЫ

CASPI LIMITED ЖШС CHAGALA INTERNATIONAL HOLDING B.V. (CHAGALA GROUP) КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТОЛЫҚ МЕНШІГІНДЕГІ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫН БОЛЫП ТАБИЛАДЫ.

CASPI LIMITED ЖШС АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ, НЕГІЗІНЕН, ӨҢІРДЕГІ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ КЛИЕНТТЕРІНІҢ ТАЛАПТАРЫН ҚАНАҒАТТАНДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН, ҚАШАҒАН КӨЛЕМДІ МҰНАЙ КЕШЕНІН ӨҢДЕЙТІН NSROS ҚОСА АЛҒАНДАҒЫ, ТҮРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ БІРҚАТАРЫНА ИЕ. КОМПАНИЯНЫҢ МҮЛІКТЕРІНЕ МЕЙМАНХАНА, АПАРТАМЕНТТЕР, ТАУНХАУСТАР, КЕҢСЕЛЕР, МЕЙРАМХАНАЛАР ЖӘНЕ ҚОЙМА ҮЙ-ЖАЙЛАРЫ КІРЕДІ.

Компанияның негізі 1994 жылы қаланған және құрылыс жұмысын Теңізшевройл мен Offshore Kazakhstan International Operating Company (AGIP KCO/NCOC) қоса алғанда, бірқатар іске қосылған жобалардың қызметкерлері тұру үшін сапалы жағдайлармен қамтамасыз ету мақсатында Атырау қаласында алғашқы 3 жұлдызды мейманхана салудан бастаған. Атырауда құрылған база және модель негізінде Орал қаласында Қарашығанақ жобасына арналған жоба іске асырылды. Біздің бизнес моделіміз халықаралық және отандық мұнай мен сервистік компаниялардың талаптарын қанағаттандыруға арналған.

2012 жылдың наурызында Caspi Limited ЖШС кепілдік мөлшерлемесі 10% жылдық 2,250 миллиард теңге сомасындағы облигацияларын 5 жыл айналым мерзімімен Қазақстандық нарыққа орналастырғаны туралы жариялады. Негізгі сома 2016 жылдың желтоқсанында төлеуге тиесілі, ал облигациялар бойынша пайыздар әрбір алты ай сайын бөлшектеп төленеді.

## КОМПАНИЯНЫҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Нидерланды, Амстердам қаласында тіркелген Chagala International Holding B.V. компаниясы (Chagala Group Limited-тың еншілес компаниясы бола тұра) Caspi Limited ЖШС жалғыз акционері болып табылады.

## МАМАНДАНДЫРЫЛУУ

Мейманханаларды, қызмет көрсету апартаменттерін, кеңселік үй-жайларды өзге де жылжымайтын коммерциялық мүлікті иелену және басқару; мейманханалық бизнес; жылжымайтын коммерциялық объектілер құрылысы.

## БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ:

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗДІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН МЕЙМАНХАНАЛАР МЕН АПАРТАМЕНТТЕРДЕ «ЕКІНШІ ҮЙМЕН» ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. CHAGALA АЙМАҚТА ДОСТЫҚ, ПЕЙІЛДІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫМЕН, СОНДАЙ-АҚ ӨҢІРДЕГІ ЕҢ ҮЗДІК МЕЙМАНХАНАЛАРМЕН ЖӘНЕ ТҮРҒЫН ЖАЙЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ;

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ ҮШІН ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖҰМЫС ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ;

КАСПИЙДЕГІ МҰНАЙ СЕРПИЛІСІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҮРАҚТЫЛЫҚТЫ, МҮЛІКТІК ӘЛЕУЕТТІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ БАСШЫЛЫҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖОЛЫМЕН БІЗДІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІМІЗДІҢ ПАЙДАЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – ТҮТЫНУШЫЛАРЫМЫЗҒА ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕЛІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ТҮРАҚТЫЛЫҚТЫ БИЗНЕСТІ ҚҰРУ.

## 2015 ЖЫЛДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

КҮРДЕЛІ ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚАРАМАСТАН CASPI LIMITED КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫ ҚОЙҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУДІ ЖАЛҒАСТЫРЫП КЕЛУДЕ. ТӨМЕНДЕГІЛЕР CASPI LIMITED-ТЫҢ 2015 ЖЫЛДАҒЫ БАСТЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

КҮРДЕЛІ ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚАРАМАСТАН CASPI LIMITED КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫ ҚОЙҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУДІ ЖАЛҒАСТЫРЫП КЕЛУДЕ. ТӨМЕНДЕГІЛЕР CASPI LIMITED-ТЫҢ 2015 ЖЫЛДАҒЫ БАСТЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

- Атырау қаласында Chagala Group алаңында супермаркеттің ірі жобасының құрылысы аяқталды. Аумағы 2000 м<sup>2</sup> нысан Қазақстандағы супермаркеттер операторы, Ideal-ға ұзақ мерзімге жалға берілген.
- Атыраудағы Shell-ға спорттық-сауықтыру комплексінің құрылысы аяқталды. Комплекс Chagala Group аумағында, «Сарайшық» тұрғын үй кешеніне жақын орналасқан.
- Оралдағы кеңсе ғимаратының жөндеу және қайта құрылыс жұмыстары басталды. Жалпы аумағы 4700 шаршы метр ғимарат Қазақстанның газ және конденсат кен орнын өңдеуге тартылған ірі компаниялардың бірі – КПО Консорциумының штаб-пәтеріне арналған толықтай заманауи кеңсе ғимаратына қайта құрылады. Жұмыстарды Chagala Group-тың еншілес компаниясы – Kurmangazy Development жүргізеді.



# CASPI LIMITED АТҚАРАТЫН ІСКЕРЛІК ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 280,000 АДАМНАН АСАТЫН АТЫРАУ - БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ БІРҚАТАР ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҰНАЙ-ГАЗ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БҮЛ ҚАЛА БІЗДІҢ БИЗНЕСІМІЗДІҢ ЖҮРЕГІ ЖӘНЕ ДЕ CHAGALA GROUP ОРЫНДАҒАН ЖОБАЛАРЫМЕН ТОЛЫ, ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ 3 ЖҮЛДЫЗДЫ МЕЙМАНХАНА, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АПАРТАМЕНТТЕРІ, ТАУНХАУСТАР, КЕҢСЕЛІК ҮЙ-ЖАЙЛАР, СПОРТ ЖӘНЕ ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҚТАР, МЕЙРАМХАНАЛАР, ҚОЙМАЛАР, БАРЛАР.



# CHAGALA WATERFRONT МЕЙМАНХАНАСЫ

Біздің мейманхана қаланың азиялық бөлігіндегі Орал өзенінің жағалауына орналасқан. Мейманханада жанға жайлы жабдықталған және қолайлы 75 нөмір қызмет көрсетеді. Әр нөмірде іргелес жуынатын бөлме, спутниктік теледидар, кондиционер, тоңазытқыш және телефон байланысы бар.



## ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АПАРТАМЕНТТЕРІ

«Өз үйіндегідей» сезіну неғұрлым қолайлы тұру жағдайларының түйінді мүмкіндігі болып табылады. Бізде қызмет көрсететін 350-ге жуық апартамент бар. «Люкс» апартаменттері бизнеске немесе демалуға арналған жоғары дәрежелі қызмет көрсетуді қалаған кез келген адам үшін өте ыңғайлы. Объектілерге жақында ғана ашылған «Ural Residence» кіреді. Апартаменттері бар тағы да үш жаңа кешеннің құрылысы Атырау қаласында жоспарланып отыр.

# БАРЛАР ЖӘНЕ МЕЙРАМХАНАЛАР

Біздің мейрамханаларымыз: «Coco's», «Hugo's» мейрамханалары, «O'Neills» ирландтық бары, «Petrovski» мейрамханасы және таңғы-түскі ас ішу үшін, іскерлік кездесулер, романтикалық кездесу немесе достарыңмен бас қосу үшін тамаша орын — «East-West» мейрамханасы.



# ТАУНХАУСТАР

Атыраудағы Chagala кешенінде орналасқан 4-бөлмелі 33 таунхаус Қазақстандағы отбасылық тұрғын үй кешені болып табылады.



# КЕҢСЕЛІК ҮЙ-ЖАЙЛАР

Chagala Батыс Қазақстандағы сапасы жоғары кеңселік объектілер құрылысының және басшылығының көшбасшысы болып табылады. Кешен бір орталықтан ауаны салқындату және жылыту жүйесімен, ақпараттық технологиялардың заманауи инфрақұрылысымен, су жабдықтаудың, электр қуатымен жабдықтаудың және өрттен қорғауды резервтік жүйесімен қамтамасыз етеді, халықаралық компаниялардың қауіпсіздік техникасы, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау талаптарына жауап береді.





CASPI LIMITED БИЗНЕСІНІҢ ДАМУЫ ҮШІН ТӘСІЛДЕМЕ ҚОЛДАНУ CHAGALA GROUP СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

НАРЫҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ,  
СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ЖАҒДАЯТ

Chagala Group елде ірі мұнай-газ жобаларын жүзеге асыратын компания қызметкерлеріне тұрғын-үй және кеңсе ғимараттарын ұсыну саласында бірінші санатты шешімдермен жабдықтаушы болып табылады. Біздің жетістігіміз Қазақстанда орасан зор көмірсу қарымын қалыптастыруға, тұрғын-үй және кеңселік ғимараттарға деген қажеттіліктер үшін қызмет көрсетуге қажеттік активтерді жобалауға, құруға және басшылық етуге қатысатын компаниялардың келешекте аталған қажеттіліктерін айқындауға негізделеді.

БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗ ҚАРАПАЙЫМ:

ӘЛЕУМЕТТІК ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖАЛДАУМЕН БЕЛГІЛІ БІР ҚОЛДАНУШЫСЫ БАР АКТИВТЕРДІ ҒАНА ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯ САЛУ.

САПА, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТИІМДІЛІК МӘСЕЛЕСІНДЕ КОМПАНИЯНЫҢ БЕДЕЛІН НЫҒАЙТУ.

ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ҚАЖЕТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА КЕЗ КЕЛГЕН ЖЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҮШІН БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРАМЫНА ТИІСТІ ҚҰЗЫРЕТТЕР БЕРУ.

БІЗДІҢ АКТИВТЕР МЕН БАСҚА ДА НЫСАНДАР ПАЙДАСЫНА БІР НЫСАНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ НЫҒАЙТУ.

## КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Компанияның мақсаты - мұнай-газ өңірінде даму, сондай-ақ өз позицияларын Атырау қаласындағы ең ірі жабдықтаушылардың бірі ретінде күшейту болып табылады. Аталмыш мақсаттарға қол жеткізу үшін Компанияның стратегиясына төмендегідей түйінді элементтер кіреді:

МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНДЕГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРДЫ АЙҚЫНДАУ;

КЕЛГЕН БАСШЫЛАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ ЖӘНЕ ТҰРУЫ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ;

КЕҢЕЙТУ ПРОЦЕСІН ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ТИЕСІЛІ ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН САТЫП АЛУ;

КЕҢСЕ ҒИМАРАТТАРДЫ, ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ КӘСІПОРЫҢДАРДЫ ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНДЕРДІ, СОНДАЙ-АҚ ОЙЫН-САУЫҚ КЕШЕНДЕРІН БІРЛЕСТІРУ АРҚЫЛЫ ОБЪЕКТІЛЕР КЕШЕНІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ;

ОРТАША ТАБЫСТАРЫ БАР АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ҮШІН ТИІСТІ ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ДАМУ;

ЖЕРГІЛІКТІ СҰРАНЫСТЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ҮШІН ҚОЙМА ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН БӨЛШЕК САУДА ОБЪЕКТІЛЕРІН ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ЖОСПАРЛАУ

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨСУІ 2015 ЖЫЛЫ 1,2% ҚҰРАДЫ, БҮЛ 2014 ЖЫЛМЕН САЛЫСТАРҒАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БІРШАМА БАЯУЛАҒАНЫ ТУРАЛЫ КУӘЛАНДЫРАДЫ, ОЛ КЕЗДЕ ӨСУІ 4,1% ҚҰРАҒАН БОЛАТЫН, СОНЫМЕН ҚАТАР, 2015 ЖЫЛЫ 2009 ЖЫЛДАН БАСТАП ӨСУДІҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ ҚАРҚЫНЫ БАЙҚАЛДЫ. РЕСЕЙДЕГІ ТЕРЕҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰЛДЫРАУ, ШИКІЗАТ ТАУАРЛАРЫНА БАҒАЛАРДЫҢ ТӨМЕНДЕУІ МЕН ТЫҒЫЗ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАТТЫ ӘСЕРІН ТИГІЗДІ. ҚАШАҒАН МҰНАЙ ЖОБАСЫН ІСКЕ ҚОСУДЫ КІДІРТУ ЖӘНЕ КҮТІЛГЕН МҰНАЙ ӨНДІРУДЕН БАҒАНЫҢ ТӨМЕНДЕУІ ӨСУГЕ ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРІН КҮШЕЙТТІ.



Қазақстанның Үкіметі мұнайға бағаның күрт төмендеуіне қарсы дағдарысқа, ақша – несиелік және валюталық саясаттың одан әрі түзетілуімен тез бюджеттік түзетуді жүзеге асыра отырып, сонымен қатар, құрылымдық түрленудің бағдарламасын («Жүз қадам») іске қоса отырып жауап қатты.

2015 жылдың тамызында биліктегілер құбылмалы айырбас бағамына және елдің ақша-несие саясатының инфляцияны шектеу режиміне өтуге шешім қабылдады. Теңге 2015 жылдың қазан айының соңында АҚШ долларына қатысты өз бағасының үштен бір бөлігін және жылдың соңына шамамен 50%

жоғалтты, 2015 жылды рекордты төмен деңгейде аяқтады.

Қазіргі таңда еңбек нарығы мен кедейліктің деңгейін төмендету басталып жатқан дағдарыстан зардап шеккен жоқ, оның бәрі жаңа жұмыс орындарын құруды жалғастырудың, салааралық және географиялық

БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ӘЛІ ДЕ КӨРЕМІЗ ЖӘНЕ БІЗДІ ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУҒА КӨМЕКТЕСУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ГАЗ, ЭКОНОМИКА СЕКТОРЫНАН БӨЛЕК, БАСҚА СЕКТОРЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУ, КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ НАРЫҚ ИНСТИТУТТАРЫН НЫҒАЙТУ, СОНЫМЕН ҚАТАР ЕЛГЕ ҚОСЫМША ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУ ҮШІН ҮКІМЕТ ҚАБЫЛДАЙТЫН КҮШТЕР СЕНДІРЕДІ.

жұмылдырылуының, сондай-ақ жұмыс берушілердің «әлеуметтік жоспарларының» арқасында іске асырылуда. Елдегі жұмыссыздық 2015 жылы 5% деңгейінде бағаланады, 2014 жылдың 5,2% салыстырғанда, бұл аздап төмендеді. 2015 жылдың соңына халық 17.651 миллион адамды құрады.

Қазақстанның экономикасы 2016 жылы 2,1% артады деп болжануда, бірақ Дүниежүзілік банк өзінің болжамын 1,1% дейін қысқартты. Үкімет 2015 жылы ЖІӨ 1,2% құрады деп хабарлады, сол уақытта Дүниежүзілік банк ЖІӨ тек 0,9% ғана өседі деп болжады. Жылына жылдық инфляция 13,6% құрады.

Мұнайды және газ конденсатын өндіру 2015 жылы 79,46 млн. тоннаны құрады. 2014 жылы Қазақстан конденсат пен мұнайдың 80,8 млн. тоннасын өндірді. Осылайша, жергілікті және халықаралық сарапшылар күткендей, өндіріс 2015 жылы 1,7% қысқарды.

Хабарландырылғандай, Қашағандағы жөндеу жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде. 2016 жылдың күзінде жоба өзінің өндірістік қызметін күніне 75 000 баррельге дейін жаңғыртуды жоспарлауда.

Қарашығанақ әлі күнге дейін әлемдегі ең үздік және ең тартымды

мұнай-газ жобаларының бірі болып табылады. 2015 жылы жоба мұнайдың 141,7 млн. баррелін өндірді және 20,6 млн. инвестиция алды. Қазіргі таңда жоба одан әрі дамудың тұжырымдамасын іске асыруды жалғастыруда. Газды айдаудың көлемі 166 млн. тоннаға дейін сұйық көміртсутектерді арттыруды, сонымен қатар, ұзақ мерзімді болашақта тұрақты газдың мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осы тұжырымдаманың жұмыстары 2017 жылы аяқталатын болады және 2022 жылы пайдалануға енгізіледі. Сондай-ақ, Қарашығанақ қазақстандық қамтуды дамытудың бағдарламасы табысты іске асырылған тағы бір жоба болып табылады – өткен жылы \$118 млн. келісімшарттардың бірқатарына қол қойылды, олар жергілікті қамтуды дамытуға бағытталған.

2015 жылы Теңіз және Королевское кен орындарында шикі мұнайды соңғы алынуы 750 млн.-нан 1,1 млрд. метрикалық тоннаға дейін бағаланды (6-9 млрд. баррель). Теңіз кен орнында мұнайды есептеу 3 млрд. метрикалық тоннаны (25 млрд. баррель) және Королевское кен орнында 190 млн. метрикалық тоннаны (1,5 млрд. баррель) құрайды. Теңіз су қоймасының аудандық таралымы өте үлкен, көлемі 20 км-ден (12 миль) 21 км-ге (13 миль) дейін



құрайды. 2016 жылдың қаңтарында Энергетика министрі Владимир Школьник Қарашығанақтағы жөндеу жұмыстарының екінші кезеңі 12 млрд. долларды құрады және 2017 жылы іске қосылады деп хабарлады.

Ағымдағы болжамдардың көрсетуінше, әлемдік мұнайды өндіру 15-25 жылда қорлардың таусылуына дейін төмендейді. Қазақстанның Теңіз және Қашаған ірі мұнай кен орындары 2040 жылы мұнайдың өндірілу көлемі азаятын кен орындарының қатарына жатады. Жаңа кен орындары табылуы және әзірленуі тиіс және «Еуразия» жобасы осындай мүмкіндікті ұсынып отыр. 2015 жылдың маусымында жоба «Қазмұнайгаз» ҰАК АҚ қолдауымен енгізу үдерісін бастайды. Осылайша, 2015 жылы

Үкімет бірлестікті құрумен және жобаның әлеуетті инвесторлары үшін қолайлы, қазыналық және қазыналық емес сипаттағы жеңілдіктер мен артықшылықтар мәселесі бойынша жұмыс жасады. «Еуразия» жобасы Атырауда, құрлықта болсын, теңізде болсын, Ресей аумағында орналасқан қабаттарын зерттеуге көшті. Шығындардың құны шамамен 500 млн. долларды құрайды. Жұмыс үш кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші кезең өткен жылдардағы материалдарды жинау мен өңдеуді қарастырады. Екінші кезең ірі көлемдегі зерттеуді қосады. Соңғысы – жаңа параметрлік қолдауды бұрғылау, ол «Каспий 1» атауымен белгілі, тереңдігі 14-15 километрді құрайды. «Еуразия» жобасының

әлеуетті пайдасы үлкен – 50 млрд. тоннаға дейін мұнай мен мұнай баламасы.

Біз Қазақстанның мұнай өнеркәсібінің мүмкіндіктерін әлі де көреміз және бізді экономиканы әртаратандыруға көмектесу және мұнай-газ, экономика секторынан бөлек, басқа секторларға инвестицияларды тарту, көлік инфрақұрылымын жақсарту және мемлекеттік және нарық институттарын нығайту, сонымен қатар елге қосымша инвестицияларды тарту үшін үкімет қабылдайтын күштер сендіреді. Біз осы мүмкіндіктерден пайда алу үшін жақсы ұстанымды сақтаймыз және Қазақстан өзінің даму тарихын жалғастыруға қабілетті екендігіне сенімдіміз.

## КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДІК-МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдіктерді басқару функциясы Бас директорға жүктелген. Компания өзінің бизнес-процестерінің бағалауын және мониторингін жүзеге асырады, осал жерлерін анықтайды және мүмкін тәуекелдіктердің алдын алады.

## КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

SHAGALA GROUP-ТЫҢ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ, CASPI LIMITED-ТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖАҚСАРТЫП, БІЗ ЖАСАЙТЫН ЖЕРГІЛІКТІ БОЛАШАҚ БІРЛЕСТІКТІ ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ МҮМКІНДІКТЕРІН ЖАСАУ.



Клиенттеріміздің сенімділігін арту мақсатында біз қызметкерлеріміздің ішкі сенімдігін қостауды міндетті деп санаймыз, сондықтан біз келесіге ұмтыламыз:

1. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ӨЗДЕРІН ҚАНАФАТТАНҒАН, ПАЙДАЛЫ ЖӘНЕ СҰРАНЫСҚА ИЕ ЕТІП СЕЗІНУ ҮШІН ОЛАРДЫ ДАМУ.
2. БІЗДІҢ БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕС ЖЕТІСТІКТЕРДІ МАРАПАТТАУ ЖӘНЕ МОЙЫНДАУ.
3. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ӨЗ ШАМАСЫН ТОЛЫҚТАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА КӨМЕКТЕСУ ҮШІН ОЛАРДЫҢ МАНСАБЫНЫҢ ЖОҒАРЫЛАУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ.
4. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗГЕ ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛДЕРІН ТҮСІНУГЕ КӨМЕКТЕСУ.
5. ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ТІЛ ТАБЫСУ, ОЛАРДАН МІНЕЗДЕМЕЛЕР АЛУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІМІЗГЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ.
6. КЛИЕНТТЕРІМІЗГЕ БІРІНШІ САНАТТЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҮШІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗГЕ ҚАЖЕТТІ ДАҒДЫЛАР, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ.

## ОҚЫТУ ЖӘНЕ МАНСАПТЫҢ ЖОҒАРЫЛАУЫ

Біз қызметкерлерімізді жаңа дағдылар мен тәжірибе алуға, сонымен қатар Caspi Limited-та мансаптарын дамытуға шақырамыз. Ашық тілдесу және тәжірибемен алмасу (кеңсе және қала шегінде) бізге бірге жұмыс жасауға көмектеседі, сондықтан біз барлығымыз дұрыс әрекет етуге тырысамыз. 2015 жылы біздің қызметкерлер түрлі сыртқы және ішкі оқыту бағдарламаларына қатысты, соның ішінде ағылшын және қазақ тілдері, маркетинг, бухгалтерлік

есеп, қауіпсіздік және денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау, алдағы оқу және үйрету курстары.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАДАҚТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Біз жеке тамаша жетістіктерін, маңызды үлес және жоғары жұмыс нәтижелерін көрсететін қызметкерлерді мадақтау бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырып келеміз, сонымен қатар үлестері өзге қызметкерлерді жетістікке жігерлендірген қызметкерлердің күштерін ескереміз.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

CASPI LIMITED АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС ТІРКЕЛГЕН.



2011 жылдың қыркүйегінен Caspi Limited АҚ құнды қағаздарды шығаруға (облигация) байланысты KASE ресми тізіміне қабылданды. Осыған байланысты, тұрақты міндетті мемлекеттік есептілікке Caspi Limited ЖШС-не стандартты талап болып табылады. Облигацияларды ауыстырудың жалпы сомасы 2 250 000 000,00 теңге болуы тиіс.

Caspi Limited ЖШС жоғары органы – оның жалғыз акционері.

Caspi Limited атқарушы органының бас директоры Франциско Паррилла.

Caspi Limited ЖШС қызметінің нақты сегменттеріне жауапты Caspi Limited ЖШС басқа да лауазымды тұлғалары бар: бас директордың орынбасары, бас бухгалтер, техникалық қызмет көрсету бөлімінің директоры, қауіпсіздік жөніндегі менеджер.

## АТҚАРУШЫ ОРГАН АКЦИОНЕРЛЕРМЕН САЙЛАНАДЫ

Корпоративтік Жарғы бойынша Caspi Limited ЖШС акционердің өкілеттіктері:

1. Серіктестік жарғысын өзгерту, оның жарғылық капиталының көлемін, орналасқан жерін және Серіктестік атауын өзгерту, сондай-ақ Серіктестік жарғысының жаңа мазмұнын бекіту;
2. Жарғылық капиталға қосымша салымдар салу бойынша шешімдерді қабылдау және қосымша салымдар салу тәртібін анықтау;
3. Серіктестікке жаңа қатысушыларды қабылдау және оларды қабылдау талаптарын бекіту;
4. Директорды тағайындау және лауазымынан шеттету, сондай-ақ

оның құзыреттілігінің мерзімін және сыйақысын анықтау;

5. Ішкі ережелерді бекіту, оларды және Серіктестіктің ішкі қызметін реттеуші басқа да құжаттарды қабылдау рәсімі;

6. Жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

7. Серіктестік қорларын құру және пайдалану тәртібі туралы шешім қабылдау;

8. Серіктестікпен жалпы сомасы 500 000 (бес жүз мың) АҚШ долларынан немесе оның басқа валютадағы баламасынан артық тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) немесе Серіктестіктің басқа қаржылық міндеттемелерін сатып алу, сондай-ақ нарықтық құны 500 000 (бес жүз мың) АҚШ долларынан немесе оның басқа валютадағы баламасынан артық Серіктестік мүлігін иеліктен шығару бойынша мәмілелерді (өзара байланысты мәмілелерді) бекіту;

9. Серіктестіктің бүкіл мүлігінің кепілдігі туралы шешім қабылдау;

10. Кез келген уақытта Серіктестік атқарушы органының қаржылық және шаруашылық қызметін тексеру. Осы мақсаттарда Қатысушы серіктестіктің бүкіл құжаттамасына сөзсіз рұқсатты иеленуге құқылы;

11. Серіктестік өкілдіктерін, филиалдарын және еншілес кәсіпорындарын құру және тарату, сондай-ақ басқа заңды тұлғаларға қатысу;

12. Серіктестікті қайта ұйымдастыру туралы шешім;

13. Ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және серіктестік Жарғысымен Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттарды бекітуден басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттеуші басқа да құжаттарды бекіту;

14. Қолданылатын Құқыққа сәйкес Қатысушының бүкіл Үлесін мәжбүрлі сатып алу;

15. Қатысушылармен Жарғылық Капиталға қосымша салымдарды және жаңа Қатысушылармен Салымдар салу мөлшерін, нысанын және тәртібін анықтау;

16. Серіктестік Қатысушысына және сатып алушыларға Серіктестік қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімін бекіту;

17. Серіктестікті ерікті таратуға байланысты шешімдерді қабылдау.

Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының шешімін жою Қатысушының өзімен кезекті шешім қабылдау арқылы ғана іске асырыла алынады.

Осы жарғыда оның құзыреттілігі қалай анықталғанына байланыссыз, Қатысушы Серіктестік қызметіне байланысты кез келген басқа да сұрақтарды қарастыруына қабылдай алады.

КОМПАНИЯНЫҢ МАҚСАТЫ - МҰНАЙ-ГАЗ ӨҢІРІНДЕ ДАМУ, СОНДАЙ-АҚ ӨЗ ПОЗИЦИЯЛАРЫН АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕҢ ІРІ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ КҮШЕЙТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

## ТОПТЫҢ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЛАРЫ

**ФРАНЦИСКО ПАРРИЛЛА**  
Бас Директор



**МАРГАРИТА КАПУСТЯНСКАЯ**  
Қаржы директоры



## ЖОҒАРЫ БУЫНДАҒЫ БАСШЫЛЫҚ



**РЭДЖИС ДЕНИЕЛ**  
Өндіріс директоры



**ЮЛИЯ ЮДИНА**  
Кадрлар бөлімінің  
директоры



**МАДИНА ЕЛЕБЕКОВА**  
Топтың сату және маркетинг  
бөлімінің директоры



**ЭЛЬМИРА  
АБДРАХМАНОВА**  
Заң бөлімінің директоры



## НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

SHAGALA GROUP БІРҚАТАР КӨПТЕГЕН МҰНАЙ-ГАЗ ЖОБАЛАРДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ КЕҢСЕ КЕШЕНДЕРІНІҢ БІРІНШІ САНАТТЫ ЖАБДЫҚТАУШЫСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БІЗДІҢ ЖЕТІСТІГІМІЗ ҚАЗАҚСТАНДА АУҚЫМДЫ КӨМІРСУТЕКТІ ӘЛЕУЕТТІ ӨНДІРЕТІН КОМПАНИЯНЫҢ БОЛАШАҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ СОЛ ТАЛАПТАРДЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ АКТИВТЕРДІ ЖОБАЛАУ, ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН БАСШЫЛЫҚ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

- Белгілі пайдаланушысы бар активтерді ғана жобалау және инвестициялау.
- Компанияның сапа, қауіпсіздік және үнеумдеуге қатысты беделін арттыру.
- Бірінші санатты қызметтерді ұсынуға бағытталған біздің персоналымызды уәждемеу.
- Басқа нысандағы активтер пайдасына бір нысандағы біздің өзара қарым-қатынасымызды бекіту.

## CASPI LIMITED ЖШС

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ЕСЕП

2015 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ТӘУЕЛСІЗ  
АУДИТОРЛАР ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ	28
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖИЫНТЫҚ ЕСЕП	30
КІРІС ПЕН ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ЖИЫНТЫҚ ЕСЕП	32
БАСҚА ДА КІРІС ТУРАЛЫ ЖИЫНТЫҚ ЕСЕП	33
АҚША ҚАРАЖАТЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ ЕСЕБІ	34
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖИЫНТЫҚ ЕСЕП	36
ЖИЫНТЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕРІНЕ ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ	38

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік  
050051 Алматы, Достық д-лы 180,  
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

KPMG Audit LLC  
050051 Almaty, 180 Dostyk Avenue,  
E-mail: company@kpmg.kz

## Тәуелсіз аудиторлардың есебі

Caspi Limited ЖШС қатысушысына

Біз Caspi Limited ЖШС-нің («Компания») және оның еншілесінің («Топ») 2015 жылғы 31 желтоқсанына қаржы жағдайы туралы шоғырландырылма есебін, кіріс пен шығын туралы шоғырландырылма есебі мен жиынтық табыс туралы есебін, аяқталған жыл бойынша капитал мен ақшалай қаражат қозғалысындағы өзгерістерді әрі есеп саясатының негізгі қағидаларының қысқа баяндамасы мен басқа анықтама ақпараты бар ескертулерді қамтитын қосымша қаржылық жиынтық есептерін тексердік.

### Шоғырландырылған қаржы есеп-қисаптар үшін басшылықтың жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржы есеп-қисаптардың Халықаралық қаржы есептемелерінің стандарттарына сәйкес дайындалуы мен сенімді ұсынуына әрі басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателер кесірінен елеулі бұрмаланулар жоқ шоғырландырылма қаржы есеп-қисаптардың дайындалуын мүмкін қылу үшін қажет депанықтайтын ішкі бақылауға жауапты.

### Аудитордың жауапкершілігі

Біз өзіміз жүргізген аудиттің негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есеп-қисаптар туралы пікір білдіру үшін жауаптымыз. Біз аудитті Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің шоғырландырылған қаржылық есептемеде елеулі бұрмаланулар жоқ екендігіне жеткілікті сенім алу үшін этикалық талаптар мен жоспарына сәйкес келуі және аудит жүргізуді талап етеді.

Аудит шоғырландырылған қаржылық есеп-қисаптарда берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдерді орындауды қамтиды. Рәсімдерді таңдау шоғырландырылған қаржылық есеп-қисаптарды, алаяқтықтың немесе қателердің салдарынан елеулі бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, аудитордың пікіріне негізделеді. Мұндай тәуекелдерді бағалау кезінде жағдайларда қолданылатын аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудитор ұйымның шоғырландырылған қаржылық есеп-қисаптарды дайындау мен сенімді ұсынуға қатысты ішкі бақылауды қарастырады, бірақ ұйымның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес. Аудит сондай-ақ қолданылатын есеп саясатының орындылығы мен басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігіне, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есеп-қисаптардың жалпы ұсынуына баға беруді қамтиды.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз аудит пікірімізді білдіру үшін негіз қамтамасыз ететініне жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

### Пікір

Біздің пікірімізше шоғырландырылған қаржы есеп-қисаптар барлық елеулі аспектілерде 2015 жылғы 31 желтоқсанына Топтың қаржылық жағдайын, сондай-ақ аяқталған жыл үшін қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептемелер стандарттарына сәйкес көрсетті.



Алла Нигай  
Қазақстан Республикасының  
Сертификатталған аудиторы,  
Аудиторлар біліктілік күәлігі  
No. 536 2003 жылғы 10 қаңтар

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2006 жылы 6 желтоқсанда берген №0000021 аудит жүргізуге құқығы бар мемлекеттік лицензиясы



Әсел Хаирова  
KPMG Audit ЖШС Бас директоры  
Жарғысы негізінде әрекет ететін

2016 ж. 28сәуір

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тіркелген компания және Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative ("KPMG International") қауымдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар желісінің мүшесі.

KPMG Audit LLC, a company incorporated under the Laws of the Republic of Kazakhstan, a member firm of the KPMG network of independent member firms affiliated with KPMG International Cooperative ("KPMG International"), a Swiss entity.



# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН ЖАҒДАЙЫНА

МЫҢ ТЕҢГЕ	ЕСКЕРТУ	2015	2014
<b>МҮЛІК</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар	7	17,680,198	11,939,304
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	8	2,061,423	2,803,136
Материалдық емес активтер		1,960	3,797
Аяқталмаған құрылыс	7	772,615	279,717
Байланысты тараптардан қаражаттар	25	-	434,691
Шектеулі ақша қаражаттары		183	-
		<b>20,516,379</b>	<b>15,460,645</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Босалқылар	9	277,889	312,342
Дебиторлық берешек	10	640,981	302,228
Алдын ала төленген салықтар	11	83,668	10,242
Алдын ала төленген корпоративтік табыс салығы		127,965	159,579
Байланысты тараптардан қаражаттар	25	2,218,720	1,129,218
Басқа да алдын ала төлемдер	12	70,244	68,109
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	13	161,479	261,938
		<b>3,580,946</b>	<b>2,243,656</b>
		<b>24,097,325</b>	<b>17,704,301</b>
<b>Жиынтық активтер</b>			
<b>КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	14	5,656,808	5,656,808
Бөлінбеген пайда		2,033,728	2,100,232
Кейінге қалдырылған салық шегерілгеннен қайта бағалау бойынша резерв		8,951,851	5,073,345
		<b>16,642,387</b>	<b>12,830,385</b>
Бақыланбайтын үлестер	5	(1,919)	-
<b>Жалпы капитал</b>		<b>16,640,468</b>	<b>12,830,385</b>

МЫҢ ТЕҢГЕ	ЕСКЕРТУ	2015	2014
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Ұзақ мерзімді қарыз	15	1,897,525	602,362
Төленетін облигациялар	17	-	2,164,660
Тұтынушылардан түсетін аванстар		311,029	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелер	24	2,179,624	1,142,477
		<b>4,388,178</b>	<b>3,909,499</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Төленетін облигациялар	17	2,206,009	-
Ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі	15	442,980	340,844
Қысқа мерзімді қарыздар	16	-	266,200
Төлемге пайыз		41,118	30,449
Сауда кредиторлық берешек	18	80,927	208,841
Тұтынушылардан түсетін аванстар		185,905	49,430
Төленетін салықтар	19	94,938	42,842
Байланысты тараптардан қаражаттар	25	15,580	25,399
Басқа кредиторлық берешек және есептелген шығын		1,222	412
		<b>3,068,679</b>	<b>964,417</b>
<b>Барлық міндеттемелер</b>		<b>7,456,857</b>	<b>4,873,916</b>
<b>Барлық капитал мен міндеттемелер</b>		<b>24,097,325</b>	<b>17,704,301</b>

2016 жылғы 28 сәуірде шығару үшін қол қойылды және бекітілді.

Бас директор  
Франциско Паррилла

Бас есепші  
Эльмира Габдрахманова

## КІРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА

МЫҢ ТЕҢГЕ	ЕСКЕРТУ	2015	2014
Бөлме мен жалға арқасындағы табыс	6	2,782,929	2,807,661
Мейрамханалар мен барларды жалға беру арқасындағы табыс	6	144,498	184,866
Басқа операциялық кірістер	6	314,858	238,827
<b>БАРЛЫҚ ТАБЫС</b>		<b>3,242,285</b>	<b>3,231,354</b>
Коммуналдық шаруашылық, тазалау және техникалық қызмет көрсету		(988,084)	(996,498)
Тамақ өнімдері мен сусындардың шығыны		-	(383)
Жалақы мен қызметкерлерге басқа сыйақы	20	(221,852)	(195,047)
Жалпы және әкімшілік шығындар	21	(608,045)	(512,921)
Амортизация	6	(691,439)	(673,410)
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІС</b>		<b>732,865</b>	<b>853,095</b>
Валюта айырбастау (залал)/кіріс, таза пайда		(269,200)	45,404
Жер және ғимараттардың құнсыздануы бойынша шығындарды қайтару		202,192	-
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың шығуы кесірінен шығындар		(16,371)	(157,143)
Қаржылық кіріс		-	543
Қаржы шығындары	22	(460,078)	(395,029)
Басқа кірістер		10,072	1,083
Басқа шығындар	23	-	(68,062)
<b>ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР ДЕЙІНГІ КІРІС</b>		<b>199,480</b>	<b>279,891</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	24	(74,566)	(48,572)
<b>Жыл ішіндегі таза пайда</b>		<b>124,914</b>	<b>231,319</b>
Жатқызылатын:			
Иегер компанияның акционерлеріне		127,133	231,319
Бақыланбайтын мүдде	5	(2,219)	-
		<b>124,914</b>	<b>231,319</b>

2016 жылғы 28 сәуірде шығару үшін қол қойылды және бекітілді.

Бас директор  
Франциско Паррилла

Бас есепші  
Эльмира Габдрахманова

## ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА

МЫҢ ТЕҢГЕ	ЕСКЕРТУ	2015	2014
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ТАЗА ПАЙДА</b>		<b>124,914</b>	<b>231,319</b>
<b>Басқа жиынтық кіріс/(залал)</b>			
<i>Ешқашан пайдаға жіктелмейтін басқа жиынтық кіріс/(залал)</i>			
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды қайта бағалау	7	4,861,561	(13,805)
Табыс салығының әсері	24	(972,312)	2,761
<b>Табыс салығын алып тастағанда басқа жиынтық кіріс/(залал)</b>		<b>3,889,249</b>	<b>(11,044)</b>
<b>Жыл ішіндегі барлық жиынтық табыс</b>		<b>4,014,163</b>	<b>220,275</b>
Жатқызылатын:			
Иегер компанияның акционерлеріне		4,016,382	220,275
Бақыланбайтын мүдде	5	(2,219)	-
		<b>4,014,163</b>	<b>220,275</b>

2016 жылғы 28 сәуірде шығару үшін қол қойылды және бекітілді.

Бас директор  
Франциско Паррилла

Бас есепші  
Эльмира Габдрахманова

## АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА

МЫҢ ТЕҢГЕ	ЕСКЕРТУ	2015	2014
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</b>			
Табыс салығы бойынша шығынға дейінгі пайда		199,480	279,891
<b>Түзетулер:</b>			
Тозу және амортизация		691,439	673,410
Жүзеге аспаған бағамдық айырмашылықтың залалы / (пайдасы)		291,584	(29,786)
Күмәнді қарыздар бойынша резервтің өзгеруі		2,336	3,487
Қаржы шығындар, таза өзіндік құны	22	460,078	394,486
Жер және ғимараттардың құнсыздануынан шығындарды қайтару		(202,192)	-
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың шығуы кесірінен шығындар		16,371	157,143
<b>Капитал өзгерістері жұмысыдейін операциялардан түскен ақша қаражаттары</b>		<b>1,459,096</b>	<b>1,478,631</b>
Операциялық активтердің азаюы / ұлғаюы:			
Қосалқылар		34,453	(3,230)
Дебиторлық берешек		(364,037)	13,615
Қарыздан басқа байланысты тараптардан алынуға тиісті сомалар		(258,618)	(388,863)
Басқа активтер		(75,744)	(3,622)
Операциялық міндеттемелердің (азаюы) / ұлғаюы :			
Несиегерлік берешек		(127,914)	62,721
Тұтынушылардан түсетін аванстар		447,504	(36,162)
Қарыздан басқа байланысты тараптардан алынуға тиісті сомалар		(9,819)	22,262
Басқа кредиторлық берешек		74,790	(22,876)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары</b>		<b>1,179,711</b>	<b>1,122,476</b>
Төленген пайыздар		(348,714)	(310,512)
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары</b>		<b>830,997</b>	<b>811,964</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы</b>			
Байланысты тараптарға берілген несиелер	25	(131,876)	(251,550)
Байланысты тараптардың өтелген несиелері	25	356,441	36,000
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды сатып алу		(1,747,640)	(363,099)
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың шығуынан және сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерден түсімдер		22,948	259,537
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу	8	(7,417)	(362,944)

МЫҢ ТЕҢГЕ	ЕСКЕРТУ	2015	2014
Материалдық емес активтерді сатып алу		-	(1,591)
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша</b>		<b>(1,507,544)</b>	<b>(683,647)</b>
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</b>			
Ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздарды өтеу	15	(317,025)	(409,825)
Ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздарды алу	15	1,170,600	381,100
Операциялық шығасылар		(59,346)	(45,430)
Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздарды алу	16	232,250	517,200
Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздарды өтеу	16	(499,713)	(251,000)
Бақыланбайтын мүдделерге үлес	5,14	300	-
Төленген дивидендтер		(204,380)	(145,608)
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза сомасы</b>		<b>322,686</b>	<b>46,437</b>
<b>Қолма-қол ақша мен олардың баламаларының таза (азаюы) / артуы</b>		<b>(353,861)</b>	<b>174,754</b>
Қолма-қол ақша мен олардың баламалары бойынша айырбас бағамы өзгерістерінің әсері		253,402	30,511
<b>Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары</b>	<b>13</b>	<b>261,938</b>	<b>56,673</b>
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары</b>	<b>13</b>	<b>161,479</b>	<b>261,938</b>

2016 жылғы 28 сәуірде шығару үшін қол қойылды және бекітілді.

Бас директор  
Франциско Паррилла

Бас есепші  
Эльмира Габдрахманова

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2015 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

Мың теңге	Жарғылық капитал	Қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Барлығы	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жалпы капитал
<b>2014 жылдың 1 қаңтарына</b>	<b>5,656,808</b>	<b>5,286,462</b>	<b>1,812,448</b>	<b>12,755,718</b>	-	<b>12,755,718</b>
Жыл ішіндегі таза пада	-	-	231,319	231,319	-	231,319
<b>Өзге жиынтық</b>						
Бұрын қайта бағаланған жер мен ғимараттардың құнсыздануы, салықты есептемегенде	-	(11,044)	-	(11,044)	-	(11,044)
<b>Жалпы барлығы</b>	<b>-</b>	<b>(11,044)</b>	<b>231,319</b>	<b>220,275</b>	<b>-</b>	<b>220,275</b>
<b>Қатысушылармен операциялар</b>						
Дивидендтер (Ескерту 14)	-	-	(145,608)	(145,608)	-	(145,608)
<b>Қатысушылармен жалпы операциялар</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(145,608)</b>	<b>(145,608)</b>	<b>-</b>	<b>(145,608)</b>
Қайта бағалау резервінің сатылған активтерге байланысты операциялары	-	(202,073)	202,073	-	-	-
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>5,656,808</b>	<b>5,073,345</b>	<b>2,100,232</b>	<b>12,830,385</b>	<b>-</b>	<b>12,830,385</b>
2015 жылдың 1 қаңтарына	5,656,808	5,073,345	2,100,232	12,830,385	-	12,830,385
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	127,133	127,133	(2,219)	124,914
<b>Өзге жиынтық пайда income</b>						
Бұрын қайта бағаланған жер мен ғимараттардың құнсыздануы, салықты есептемегенде	-	3,889,249	-	3,889,249	-	3,889,249
<b>Жалпы барлығы income</b>	<b>-</b>	<b>3,889,249</b>	<b>127,133</b>	<b>4,016,382</b>	<b>(2,219)</b>	<b>4,014,163</b>
<b>Қатысушылармен операциялар</b>						
Дивидендтер	-	-	(204,380)	(204,380)	-	(204,380)
<b>Барлығы қатысушылармен операциялар</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(204,380)</b>	<b>(204,380)</b>	<b>-</b>	<b>(204,380)</b>
Бақыланбайтын қатысу үлесіне көмек	-	-	-	-	300	300

## БАС КОМПАНИЯНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ТИЕСІЛІ

Мың теңге	Жарғылық капитал	Қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Барлығы	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жалпы капитал
Қайта бағалау резервінің сатылған активтерге байланысты операциялары	-	(10,743)	10,743	-	-	-
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>5,656,808</b>	<b>8,951,851</b>	<b>2,033,728</b>	<b>16,642,387</b>	<b>(1,919)</b>	<b>16,640,468</b>

2016 жылғы 28 сәуірде шығару үшін қол қойылды және бекітілді.

Бас директор  
Франциско ПарриллаБас есепші  
Эльмира Габдрахманова

# ЖИЫНТЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Caspi Limited ЖШС («Компания») Chagala Group-тің бір бөлігі ретінде 1994 жылдың 20 шілдесінде құрылды. Chagala Group қазір әлемдегі ең ірі географиялық барлау және өндіру бағыттарының бірі ретінде құрылған, негізінен Қазақстанның Каспий аймағында жұмыс істейтін мұнай-газ компаниялары мен олардың провайдерлерін арнайы және баспана қызметтерін жеткізуші болып табылады. Атап айтқанда, Chagala Group Қазақстанның Каспий өңірінің мұнай мен газ өндіруге тартылған барлық ірі компанияларға тұрғын үй және бизнес ғимараттарын, қоғамдық тамақтану, демалыс, көлік, қойма және логистикалық қолдау көрсетеді. Компания, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде айқындалғандай, жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады және толық Нидерланды делдалы, Chagala International Holding B.V. және Chagala Cooperatief U.A арқылы Chagala Group Limited («Chagala Group»)–қа тиесілі.

20 жылдық тарихы бар Компания келесі қызметтер ұсынады:

- кәсіпкерлер, сондай-ақ мұнай-газ қызметкерлеріне әзірленген ресторан қызметін ұсынатын үш жұлдызды қонақ үй;
- толық қызмет көрсетілетін жоғары сапалы пәтерлер мен таунхаустар;
- бірқатар автономдық азық-түлік және сусын сауда орындары; және
- халықаралық стандарттағы әкімшілік офис ғимараттар.

Компания табысты бизнес орталықтарды, әрекеттегі қонақ үйлерді, таунхаустар мен пәтерлерді жалға беруден, және мейрамханалар мен қонақ үйлерді мүдделі ұйымдарға жалға беруден табады.

2012 жылы Компания жұмысының бір бөлігін Chagala Group Limited-тің еншілесі Chagala Management ЖШС-ға аударды, ол өз кезегінде Компанияның операциялық және әкімшілік қызметтерін көрсетеді.

2013 жылы Компания операциялық жалдау шарты бойынша Chagala Management ЖШС-не мейрамханалар мен қонақ үйлерін ауыстырды.

Компанияның тіркелген кеңсесі Қазақстан Республикасы, 060002, Атырау қаласы, Исмагулова көшесі, 1, Chagala қонақ үйі болып табылады.

2015 жылдың мамыр айында компанияның 70% үлесі қатысуымен Компания «Орал» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық Компаниясымен бірлесе отырып Kurmangazy Development ЖШС құрды. Еншілес ұйымның негізгі қызметі кеңселерді жалға беру мен соған байланысты қызмет көрсету болып табылады.

Осы қаржы есептілігінің мақсаттары үшін Компания мен еншілесі Топ (бұдан былай «Топ») құрайды.

## 2. ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ҰСЫНУ НЕГІЗІ

### ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Шоғырландырылған қаржы есептері тарихи құн негізінде дайындалды, тек жер, ғимараттар мен инвестициялық жылжымайтын мүлік қайта бағаланған құнымен бағаланды.

Шоғырландырылған қаржылық есеп теңге түрінде ұсынылған және барлық мәні, егер басқаша көрсетілген жағдайлардан басқа, мыңға дейін жуықталып отыр.

Топтың қаржылық есептері шоғырландырылған және Компания мен оның еншілесінің қаржылық нәтижелерін де қамтиды.

Топтың қаржылық есебі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды

## 2.1. ӘЛІ ҚАБЫЛДАНБАҒАН ЖАҢА СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРУЛЕР

Жаңа Стандарттар, Стандартқа түзетулер және түсіндірмелер 2015 жылдың 31 желтоқсанына әлі қолданысқа енген және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған жоқ. Осы құжаттардың Топтың қызметіне одан кейінгі әрекеттер әсер етуі ықтимал. Топ бұл жария етілгендер күшіне енген кезде қабылдауды жоспарлап отыр.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

### 2.1. ӘЛІ ҚАБЫЛДАНБАҒАН ЖАҢА СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа стандарт/ Түсіндірме	Қысқаша сипаттама	Қаржылық жағдайына немесе қызметке әсері
ХҚЕС 9 <i>Қаржы құралдары</i>	2014 жылдың шілде айында жарияланған ХҚЕС 9, қолданыстағы IAS 39 <i>Қаржылық инструменттер: Тану және Бағалау туралы</i> нұсқаулықты алмастырады. ХҚЕС 9 қаржы активтер бойынша құнсызданудан болған есептеу үшін жаңа күтілетін кредиттік шығын моделін, сондай-ақ жаңа жалпы хеджирлеуді есепке алу талаптарына, соның ішінде қаржы құралдарын, жіктеу және бағалау бойынша қайта қаралған ұсыныстары бар. Ол сондай-ақ алға 39 IAS Халықаралық қаржы құралдарын тану және тануды тоқтату бойынша нұсқау жүргізеді.  ХҚЕС 9 2018 жылғы қаңтардың 1-нен немесе одан кейін басталатын жылдық есеп кезеңдеріне байланысты күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен.	Топ ХҚЕС 9 қолдану нәтижесінде туындайтын өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілік әсерін бағалауда.
ХҚЕС 15 <i>Клиенттермен келісім-шарт бойынша табыс</i>	ХҚЕС 15 қанша және қашан табыс танылуын анықтау үшін кешенді шеңберін белгілейді. Ол IAS 18 Табыс, IAS 11 Құрылысқа жасалған келісімшарттар және IFRIC 13 Тұтынушы тұрақтылығы бойынша бағдарламалар, соның ішінде қолданыстағы табыстарды тану нұсқауларын ауыстырады.  Жаңа стандарт негізгі принцип ұйымы осы тауарлар немесе қызметтер үшін алмасу құқығы болуын күтеді және оған қарауды көрсетеді, мөлшерде клиенттерге уәде тауарлар немесе қызметтер беруді бейнелеуде кірістерді тану болып табылады. Түсім туралы кеңейтілген ақпаратты ашып жаңа стандартты нәтижелерді, бұрын таныстырылмаған бірнеше элементтерден тұратын келісімдердің нұсқауларын жақсарттады.  ХҚЕС 15 2018 жылғы қаңтардың 1 күннен басталатын мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.	Топ ХҚЕС 15 қолданудан туындайтын өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы әлеуетті әсерін бағалауда.

Жаңа стандарт/ Түсіндірме	Қысқаша сипаттама	Қаржылық жағдайына немесе қызметке әсері
ХҚЕС 16 Жалдау шарттары	<p>ХҚЕС 16 келісімде жалға алуын анықтау IF- RIC 4, IAS 17 Жалдану, соның ішінде жалдауды есепкеалуушынағымдағы басшылықты ауыстырады, SIC-15 Операциялық жалға алудың заңды нысанына ҚАТЫСТЫ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗІН БАҒАЛАЙДЫ және SIC-27-Инсентив жалға береді.</p> <p>Жаңа стандарт қазіргі уақытта пайдаланылатын қос жалгер бухгалтерлік үлгісін жоя алады. Бұл модель бойынша баланстан қаржылық жалдау және баланстан операциялық жалдау ретінде жіктеуді қажет етеді. Ол жалдау балансында танылғаның білдіреді және қаржылық жалдау бойынша ағымдағы есепке алуы ұқсас бірыңғай есеп моделі, ауыстырылады. Қазіргі уақытта жалға берушілер қолданылатын есеп ережелері, жалпы сақталып отыр - Жалға берушілер қаржылық жалдауда және операциялық жалдау ретінде жіктеу одан әрі жалғастырады.</p> <p>ХҚЕС 16, 2019 жылғы қаңтардың 1 күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін мерзімінен бұрын қолданылуы клиенттермен келісім-шарттардан бастап ХҚЕС 15 Табыс, сондай-ақ қолданылу мүмкіндік шартымен күшіне енеді.</p>	ХҚЕС 16 тобы қолданудан туындайтын өзінше шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы әлеуетті әсерін бағалауда.

### 3. ЕСЕПТЕУ САЯСАТЫНЫҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

#### 3.1. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН ЕСЕПТЕУ

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы және қаржы топтың ұсыну валютасының есебі функционалдық теңгемен ұсынылды.

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда функционалдық валюта өлшемдерінің бағамы мәміле бойынша көрсетіледі.

Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер функционалдық валютасы бойынша қайта есептеледі. Баптар реттеу немесе ауыстыру кезінде туындайтын кез келген айырмашылықтар жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Шетелдік валютада тарихи құн бойынша бағаланатын баптар бастапқы мәміледе жасалған күні қолданыста болған, бағамдар бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютадағы құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар, белгіленген күні қолданыста болған, бағамдар бойынша қайта есептеледі. Қазақстан қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген орташа мөлшерленген валюта бағамдары Қазақстан Республикасында ресми айырбастау бағамдары ретінде пайдаланылады.

Қазақстандық теңгемен қарсы мынадай шетел валюталарын айырбастау бағамдарының АҚШ долларын осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған:

	Айырбас бағамы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	Жылдық орташа Өлшенген мөлшерлемесі
2015	339.47	222.25
2014	182.35	179.19

#### 3.2. АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ АҒЫМДАҒЫ ЕМЕС ЖІКТЕУДІ САЛЫСТЫРУ

Топтың ағымдағы / ұзақ мерзімді жіктеу негізінде қаржылық жағдай туралы есепте активтері мен міндеттемелері көрсетілген. Егер келесі шарттарға сәйкес болып шықса актив ағымдағы болып есептеледі:

- қалыпты операциялық циклда сатылған немесе тұтынылатын болып болжанса;
- ең алдымен сауда мақсаттары үшін арналса;
- есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде жүзеге асырылады деп күтілетін болса; немесе
- қолма-қол немесе қолма-қол ақша баламасы есепті кезең аяқталғаннан кейін айырбастауға немесе кем дегенде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Егер келесі шарттарға сәйкес болып шықса міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады:

- Бұл қалыпты операциялық цикл аясында шешіледі деп күтілсе;
- Бұл ең алдымен сауда мақсаттары үшін өткізілсе;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде өтелуге тиіс;
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде тиісті міндеттемені өтеуді кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы жоқ.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

#### 3.3. ӘДІЛ ҚҰНДЫ БАҒАЛАУ

Әділ құн активті сату үшін алынған немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттеменің берілгені үшін төленген баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле немесе презумпциясы негізінде орын алады:

- актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта, немесе
- актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарық болмаған жағдайда.

Негізгі немесе барынша қолайлы нарықтық тобы қолжетімді болуы тиіс

Егер нарық қатысушылары өздерінің экономикалық мүддесінде әрекет етеді деп болжанса, активтің немесе міндеттемелердің әділ құны нарық қатысушылары қолданатын болжамды пайдалана отырып бағаланады. Бейқаржылық активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті тиімді пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сату немесе осы активті тиімді пайдалану арқасында экономикалық табыс табу қабілеттілігін ескереді.

Топ мұндай жағдайлардағы қажетті және әділ құнды анықтауға, тиісті бақылаудағы кіріс ақпаратын барынша жақсартуға және бақылаусыз кіріс ақпаратын ықшамдауға жеткілікті мәлімет бар бағалау тәсілдерін пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржы есептемесінде көрсетілген барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды бүтіндей бағалауға маңызды ең төмен деңгей негізінде, төменде көрсетілгендей, әділ құн сатысында сұрыпталады:

- 1 деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы жарияланған (өзгеріссіз) нарықтық бағалар;
- 2 деңгей – тікелей немесе жанама бақыланатын әділ құнды өлшеуге кіріс ақпаратының ең төмен деңгейі маңызды болып табылатын бағалау тәсілдері;
- 3 деңгей – бақыланбайтын әділ құнын өлшеуге кіріс ақпаратының ең төмен деңгейі маңызды болып табылатын бағалау тәсілдері.

Қаржы есептемесінде тұрақты негізде мойындалатын активтер мен міндеттемелер жөнінде айтатын болсақ, Топ сатыдағы Деңгейлер арасында әрбір есептік кезеңде аударымдардың болғанын немесе болмағанын сұрыпталуды қайта бағалау (бүтін әділ құнды бағалауға маңызды болып табылатын кіріс ақпаратының ең төмен деңгейі негізінде) бойынша анықтайды.

### 3.4. ТҮПТҮЛҒА КОМПАНИЯ АКЦИЯСЫНЫҢ ИЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҮЛЕСТІРІМ НЕМЕСЕ САТЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР

Топ түптүлға компания акциясының иелері арасында сатылымға немесе үлестірімге шегерілетін айналымнан тыс активтерді және шығарылатын топтарды түптүлға компания акциясының иелеріне, егер олардың теңгерімдік құны алдағы уақыттағы қолданыс есебінен емес, сатылым немесе үлестірім арқылы өтелетін болса сұрыптайды. Мұндай сатылымға немесе үлестірімге арналған деп сұрыпталған айналымнан тыс активтер және шығарылатын топтар сатылым және үлестірім шығындарын санамағанда әділ және теңгерімдік құнның ең төменгі мағынасымен бағаланады. Бөлінетін шығындар қаржылық және пайдаға салынатын салық шығындарын есептемегенде, үлестіріммен тікелей байланысты қосымша шығындар болып табылады.

Үлестірім сұрыптамасына арналған сипатбелгілер үлестірім мүмкіндігі жоғары болса және актив немесе шығару тобы өзінің қазіргі жағдайында дереу үлестірімге қолжетімді болса ғана орындалған болып саналады. Үлестірімді аяқтауға қажетті шаралар үлестірімге айтарлықтай өзгерістердің енгізілуі немесе үлестірімнің қайтарылуы екіталай екендігін көрсетуі қажет. Үлестірімге қатысты басқару сұрыпталу басталған күннен бастап бір жыл ішінде жүзеге асуы тиіс. Ұқсас пікірлер сатылымға шегерілетін активтерге немесе шығару тобына қолданылуы тиіс.

Мүлік, зауыт, құрал-жабдықтар және бейматериалдық активтер сатылым немесе үлестірімге сұрыпталған болса, онда олар құнсызданбайды және өтелмейді.

Сатылым немесе үлестірімге арналған деп сұрыпталған активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есептемеде ағымдағы позиция ретінде бөлек көрсетіледі.

Шығару тобы тоқтатылған қызмет болып келесі жағдайларда сұрыпталады:

- Ақшалай қаражатты түрлендіретін актив («CGU») немесе оның тобы тобып табылатын Топ құрамдасы;
- Осылай сатылым немесе үлестірімге арналған деп сұрыпталған болса, немесе
- Бизнестің немесе үлкен географиялық облыстың негізгі бағыты болса.

Тоқтатылған қызметтер жалғасып жатырған қызметтер нәтижелерін қоспайды, сонымен қатар табыс немесе шығын есептемесінде тоқтатылған қызметке салық салынғаннан кейін табыс немесе шығын ретінде бір сома болып көрсетіледі.

### 3.5. МҮЛІК, ЗАУЫТ ЖӘНЕ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

Жер және ғимараттар қайта бағалай күнінен кейін мойындалған құнсыздану шығындары мен ғимараттарға қатысты жиналған өтелімді санамағандағы әділ құн бойынша бағаланады. Қайта бағалау оның әділ құнының теңгерімдік құннан айтарлықтай айырмашылығы жоқ екендігіне кепілдік беру үшін жиі орындалады.

Қайта бағалаудан қалған қалдық басқа жиынтық табыс құрамында көрсетіледі және меншікті қаражат құрамында активтерді қайта бағалау қорына қосылады. Алайда, ол бұрын мойындалған табыс немесе шығыс құрамындағы актив құрының тапшылығын өтейтін болса, ұлғаю табыс немесе шығын есептемесінде мойындалады. Қайта бағалаудан туындаған құнның төмендеуі сол активтің бар қалдығының өтелімі активтерді қайта бағалау қорында көрсетілген жағдайларды санамағанда, табыс және шығын есептесінде көрсетіледі.

Жиналған өтелім қайта бағалау күнінде активтің жалпы теңгерімдік құнының бір мезгілді төмендеуімен бірге шығарылады, ал таза сома активтің қайта бағаланған сомасына дейін қайта есептеледі. Есептен шығарылғаннан кейін пайдаланылатын белгілі бір активке қатысты қандай да бір қайта бағалау қоры бөлінбеген пайда есебіне аударылады.

Жиһаз және құрал-жабдықтар жиналған өтелім және/немесе құнсызданудан болған жиналған шығындарды санамағанда, олар болған жағдайда, бастапқы құнда көрсетіледі. Мұндай құн мойындау талаптарын сақтаған жағдайда құрал-жабдықтар бөлігін ауыстыру құнынан тұрады. Құнсыздану активтерді пайдалы қолдану мерзімі ішіндегі құнды бірқалыпты есептен шығару тәсілі бойынша төмендегідей есептеледі:

<b>Ғимараттар</b>	20-50 жыл
<b>Жиһаз және құрал-жабдықтар</b>	3-10 жыл

Бастапқыда мойындалған мүлік, зауыт, құрал-жабдықтар және өзге маңызды бөліктер сатылым немесе болашақта оларды пайдаланудан экономикалық табыс күтілмеген жағдайда олар есептен шығарылады. Активті есептен шығарудан туындаған кез келген табыс немесе шығын (шығарудан пайда болған таза түсімдер және активтің теңгерімдік құны сомасы арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті мойындау тоқтатылған жағдайда табыс және шығын есептемесіне қосылады.

Негізгі қаражат нысандарының қалдықтық құны, пайдалы қолдану мерзімдері және өтелім тәсілдері әр қаржы жылы аяғында қайта қаралып, қажет болған жағдайда, түзетіледі.

Аяқталмаған құрылыстың барлық нысандары аяқталмаған күрделі жұмыстар ретінде сұрыпталып, өзіндік құн болып бағаланады. Аяқталмаған күрделі жұмыстар құнсызданбайды. Нысан аяқталып, пайдалануға берілгеннен кейін, олар негізгі қаражат құрамына аударылады. Бұдан басқа, аяқталмаған күрделі жұмыстар жинақталғаннан немесе орнатылғаннан кейін жиһаз санатына аударылатын жинақталмаған немесе орнатылмаған жиһаздан тұрады.

### 3.6. ЖАЛҒА БЕРУ

Келісімнің (немесе оны құрайтын) жалға беру мерзімінің басталу күніне қарағанда келісім мазмұнына негізделгенін анықтау. Келісімнің орындалуы белгілі бір активтің немесе активтердің пайдаланылуына тәуелді бағаланады, немесе келісім активтің немесе активтердің пайдаланылуына құқық береді, тіпті мұндай құқық келісімде көрсетілмегендігіне қарамастан.

*Топ жалға алушы ретінде*

Топқа лизинг объектісіне меншік құқығымен байланысты барлық қауіптер мен пайдаларды аударатын қаржылық жалгерлік жалға беру мерзімінің басында жалданатын мүлік құнының әділ құны бойынша, ал егер ол төмен болса, жалгерлік төлемнің берілген құны бойынша капиталға айналады. Жалгерлік төлем қаржылық шығындар мен жалға беру міндеттерінің төмендеуі арасында міндеттеменің қалдығына тұрақты пайыз мөлшерлемесін алу үшін бөлінеді. Қаржылық шығындар қаржылық шығындар құрамында табыс және шығын есептемесінде көрсетіледі.

Жалданған актив активті тиімді пайдалану мерзімі ішінде құнсызданады. Алайда, егер Топтың меншік құқығын жалға беру мерзімі аяғына дейін алатындығына негізделген сенім болмаса, активті тиімді пайдалану мерзімінің қысқалау есептік және жалдау мерзімі ішінде құнсызданады.

Операциялық жалға беру төлемдері табыс және шығындар есептемесінде жалға беру мерзімі ішінде бірқалыпты есептен шығару тәсілі бойынша операциялық шығындар болып мойындалады.

*Топ жалға беруші ретінде*

Топ активті пайдаланудан туындайтын барлық қауіп пен пайданы бермеген жағдайдағы жалдама операциялық жалдама болып сұрыпталады. Операциялық жалдама келісімін жасау кезіндегі туындаған алғашқы тікелей шығындар жалданатын активтің теңгерімдік құнына қосылады және жалдамадан келетін табыс тәрізді негізде жалдау мерзімі ішінде мойындалады.

### 3.7. ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТЫ

Белгілі бір мақсатқа пайдалануға немесе сатуға дайындату үшін міндетті түрде айтарлықтай уақытты талап ететін активті алу, құру немесе өндірумен тікелей байланысты қарыз қаражаты актив құнының бөлігі ретінде капиталға айналады. Қарызға қатысты барлық өзге шығындар олардың пайда болу мерзіміндегі шығындарға жатады. Қарыз қаражаты қаражатты жұмылдыруға байланысты туындаған пайыздар мен өзге шығындардан тұрады.

### 3.8. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮЛІК

Инвестициялық мүлік трансациялыу шығындарды қоса бастапқы құн бойынша бағаланады. Алғашқы мойындаудан кейін инвестициялық мүлік жинақталған құнсыздану және құнсызданудан пайда болған жинақталған шығындарын, егер ондайлар болса, қоспағанда, нақты шығын бойынша көрсетіледі. Құнсыздану активті тиімді пайдалану мерзімі ішіндегі құнды бірқалыпты есептен шығару тәсілі бойынша төмендегідей есептеледі:

<b>Ғимараттар</b>	20-50 жыл
-------------------	-----------

Инвестициялық мүлік есептен шығарылғанда немесе пайдалымнан тұрақты алынғанда, немесе олардың есептен шығарылуынан болашақта ешқандай пайда күтілмейтін болса, олар мойындалмайды. Есептен шығарудан пайда болған түсімдер сомасы мен активтің теңгерімді құны арасындағы айырмашылық мойындауды тоқтату мерзімі ішінде табыс және шығын есептемесінде көрсетіледі.

Аударымдар инвестициялық мүлікке (немесе мүліктен) тек қана пайдалануда өзгерістер болған жағдайда жүзеге асады. Инвестициялық мүлікті иегер иеленетін жылжымайтын мүлікке аудару үшін, келесі есептің шартты құны болып пайдалануға өзгеріс енгізу күнінің теңгерімдік құны болып табылады. Егер иегер иеленетін жылжымайтын мүлік инвестициялық мүлікке айналса, Компания мұндай мүлікті пайдалануға өзгеріс енгізу күніне дейін мүлік, зауыт және құрал-жабдықтар саясатына сәйкес есепке алады.

### 3.9. БЕЙМАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

Бейматериалдық активтер бағдарламалық жасақтамадан тұрады. Бейматериалдық активтер жинақталған тозымпұлды қоспағанда бастапқы құн бойынша есептеледі. Бейматериалдық активтер желілік есептеу бойынша бес жыл бойы тозымпұлданады. Есептеу өзіне қатысты мерзімде табыс және шығын есептемесінде көрсетіледі.

### 3.10. ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Тауарлық-материалдық құндылықтар құн мен таза өткізу құнының арасындағы ең азында көрсетіледі. Сатып алуға жіберілген барлық шығындарды және тауарлық-материалдық құндылықтарды қазіргі орналасқан жеріне және жағдайына әкелу барысында пайда болған барлық өзге шығындарды құрайтын тауарлық-материалдық құндылықтар орташа өлшенген құн тәсілі бойынша анықталады. Таза өткізу құны жұмыстарды аяқтауға және сатылымды жүзеге асыруға қажетті шығын сметасы мен болжамды шығындарды есептемегенде күнделікті қызмет кезіндегі сатылымның есептеу сомасын құрайды.

Салалық тәжірибеге сәйкес, мейманхананың кейбір тауарлық-материалдық құндылықтары (қонақ бөлме шығын материалдары) 12 айдан астам тиімді пайдалану мерзіміне қарамастан, айналымдағы активтер ретінде сұрыпталады.

### 3.11. БЕЙҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Әр есептік күні Топ активтің құнсыздану белгілерін бағалайды. Егер қандай да бір белгі болса немесе активтің құнсыздануының жыл сайынғы тексерісі қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің өтелетін құны актив шығындарын есептемегенде немесе ақшалай қаражатты түрлендіретін активтің әділ құнының сатылымға және оны пайдалану құнынан мейлінше жоғары болып табылады. Қтелетін сома егер актив басқа активтерден немесе активтер тобынан айтарлықтай тәуелсіз болып табылатын ақшалай қаражат түсімін түрлендірмейтін болса ғана бөлек активке анықталады. Егер активтің теңгерімдік құны немесе ақшалай қаражатты түрлендіретін актив оның өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе ақшалай қаражатты түрлендіретін актив құнсызданған болып саналады да, құнның өтелгеніне дейін есептен шығарылады.

Пайдалану құнын бағалау кезінде ақшалай қаражаттың болжамды келешек түсімдері осы активке немесе ақшалай қаражатты түрлендіретін активке тән қауіп пен ақшаның уақытша құнының қазіргі нарықтық бағасын көрсететін салық салынғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, оның қазіргі құнында дисконтталады. Сатылымға жұмсалған шығындарды санамағанда әділ құнды анықтау кезінде есепке бертінгі нарықтық келісімдер алынады, егер олар болған жағдайда. Егер мұнай келісімдер анықталмаса, бағалаудың сәйкес тәсілі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау шамасымен, акционерлік қоғамға бағаланған биржа бағамы бағасы немесе әділ құнның өзге қолжетімді көрсеткіштерімен мақұлданады.

Топ өзінің құнсыздану есептеулерін бөлек активтер бөлінетін әрбір ақшалай қаражатты түрлендіретін активке дайындалатын болдамды есептеулер мен толық бағдарлаға негіздейді. Әдетте мұндай бағдарламалар мен болжамды есептеулер бес жыл мерзімді қамтиды. Одан да ұзақ мерзімдер үшін ұзақ мерзімді өрлеу қарқыны болжамды келешек ақша ағындарына бесінші жылдан кейін есептеліп, қолданылады.

Жалғасып жатырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар табыс және шығын есептемесінде бұзылған активтік атқарымына сәйкес келетін шығындар сатысы құрамында мойындалады. Бұл басқа жиынтық табыс құрамында мойындалған қайта бағалау кезінде қайта бағаланған мүлікті қоспайды. Мұндай жағдайда, құнсызданудан болған шығын кез келген бұрынғы қайта бағалау құнының басқа жиынтық табысында да мойындалады.

Әлсіреген активтер үшін құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындардың барының немесе төмендеуінің белгілерін анықтау үшін бағалау әрбір есептеу күнінде жүзеге асады. Егер мұндай белгілер бар болса, Топ активтік немесе ақшалай қаражатты түрлендіретін активтің өтелетін құнын анықтайды. Құнсызданудан туындаған бұрын мойындалған шығын мұндай шығынның соңғы мойындалуынан болған активтің өтелу құнын анықтауға қолданылатын жорамалдың өзгеруі болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан аспауы тиіс және ол бұрынғы жылдары активке мойындалмаған құнсыздану шығынының тозымпұлын қоспағанда анықталатын теңгерімдік құнынан аспаған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Мұндай қалпына келтіру, егер актив қайта бағаланған құн бойынша есептелмесе ғана табыс және шығын есептемесінде мойындалады, бұл кезде қалпына келтіру қордың қайта бағалау бойынша өсуі ретінде қарастырылады.

### 3.12. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

#### а) Қаржы активтері

##### *Бастапқы мойындау және бағалау*

ХБЕС 39 шеңберінде қаржы құралдары, жағдайларға байланысты, қаржы активтерін сатуға қолжетімді инвестицияларды өтеуге ұсталатын табыс немесе шығын, несие немесе дебиторлық берешек, немесе тиімді хеджде хеджерлеу құралдары ретінде арналған туынды құрал ретінде сұрыпталады. Топ өзінің қаржы активтерінің сұрыптамасын бастапқы мойындау кезінде анықтайды.

Барлық қаржы активтері табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін санамағанда, келісім кезінде пайда болған шығындарды қоса әділ құн бойынша мойындалады.

Топтың қаржы активтері несие және дебиторлық берешек санатына сұрыпталатын сауда және өзге дебиторлық берешек, несие, қысқа мерзімді депозит және ақшалай қаражаттан тұрады.

#### **КЕЙІНГІ БАҒАЛАУ**

Қаржылық активтердің кейінгі бағалануы төмендегідей сұрыпталуына байланысты:

##### Несиелер мен дебиторлық берешек

Несиелер мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтері болып табылады. Бастапқы танығаннан кейін, мұндай қаржылық активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме (EIR) әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизациялық құн EIR-ның ажырамас бөлігі болып табылатын табыс, терім немесе шығындардың кез келген жеңілдігін немесе үстемесін ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы табыс туралы есепте қаржыландырудан түскен табыстар құрамына енгізіледі. Құнсыздануға байланысты шығыстар несиелер бойынша қаржыландыруға жұмсалған шығыстар туралы есепте және дебиторлық берешек бойынша жалпы және әкімшілік шығыстарда танылған.

##### **Баланстан алыну**

Қаржылық актив (немесе, қолданылатын жағдайларда, ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігі немесе қаржылық активтердің бөлігі) келесі жағдайларда тоқтатылады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;



- Топ ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе «транзиттік» келісім бойынша үшінші тарапқа елеулі кедергісіз түсетін ақша ағымдарын төлеу бойынша міндеттеме қабылдаса; және (а) Топ барлық тәуекелдер мен пайданы берген, немесе (б) Топ айтарлықтай бөлінбеген активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын берген де жоқ, ұстаған да жоқ, бірақ осы активтің бақылауын берді.

Егер Топ активтен ақша ағымдарын алуға өз құқықтарын берсе немесе транзиттік келісімге отырса, ол өз артынан меншік құқығымен байланысты пайда мен қауіпті сақтау деңгейін бағалайды. Егер ол активпен байланысты шамамен барлық пайда мен қауіпті бермеген және сақтамаған болса, онда актив Топтың осы активте жалғасатын қатысуы мөлшерінде қарастырылады. Бұл жағдайда Топ та тиісті міндетті мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттер Топ сақтап қалған құқықтар мен міндеттемелер негізінде бағаланады.

Берілген актив формасын қабылдайтын жалғасатын қатысу екі мөлшерарасындағы аз мөлшермен бағаладаны: активтің бастапқы теңгерімдік құны және Топ өтеуі қажет төлемнің ең жоғары мөлшері.

#### **б) Қаржы активтерінің құнсыздануы**

Топ қаржы активтері немесе қаржы активтер тобының әлсірегенін дәлелдейтін қандай да бір дәлелдің барын немесе жоғын әрбір есеп беру күнінде бағалайды. Егер активті бастапқы мойындаудан (орын алған «шығынның басталуы») кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде пайда болған құнсыздандудың объективті белгілері болса және шығын әділ бағалануы мүмкін қаржылық актив немесе қаржылық актив тобының келешек ақша ағымдарына әсерін тигізеді делінсе, қаржылық актив немесе қаржылық актив тобы құнсызданған болып саналады. Құнсыздану белгілері борышкер немесе борышкерлер тобының қаржылық қиындықтар көру, пайыздар немесе негізгі борыш мөлшерін төлеу міндетін бұзу, олар банкрот болу немесе қаржылық қайта құрылу сияқты белгілерден тұрады, сонымен қатар байқалатын мәліметтер күтілетін келешек ақша ағымдарының өлшенетін төмендеуін көрсетеді, мысалы, орындамаумен байланысты мерзімі өткен төлем немесе экономикалық шарттар деңгейіндегі өзгерістер.

#### **ТОЗЫМПҰЛДАНҒАН ҚҰН БОЙЫНША ЕСЕПТЕЛГЕН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ**

Тозымпұлданған құн бойынша есептелетін қаржылық активтер үшін Топ объективті белгілерінің барын жеке елеулі болып саналатын қаржылық активтер үшін жеке, ал жекеше елеулі болып саналмайтын қаржылық активтер үшін бірлесе бағалайды.

Егер Топ, елеулі болсын-болмасын, жеке бағаланған қаржылық активтің құнсыздану дәлелінің жоғын анықтаса, онда ол осыған ұқсас кредиттік қауіп сипаттамалары бар қаржы активтерінің тобына енгізеді және олардың құнсыздануын бірлесе бағалайды. Құнсыздануға жеке бағаланған және құнсыздану шығыны жүрген немесе жалғасып келе жатқан мойындаған активтер құнсыздануды бірлесе бағалауына кірмейді.

Құнсызданудан болған шығындардың объективті белгілері болған жағдайда, шығын сомасы активтің теңгерімдік құны мен болжамды келешек ақша ағымдарының қазіргі құны (әлі келтірілмеген болашақ несиелік шығындарды қоспағанда) арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады. Болжамды келешек ақша ағымдарының құны қаржы активінің алғашқы тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Егер несие ауыспалы пайыздық мөлшерлеме бойынша берілсе, онда құнсызданудан туындаған шығындарды бағалауға арналған дисконттау мөлшерлемесі болып қазіргі тиімді пайыздық мөлшерлеме болып табылады.

Активтің теңгерімдік құны қор шотын пайдалану есебінен төмендейді, ал шығын сомасы табыс немесе шығын құрамында мойындалады. Пайыздық табыс төмендетілген теңгерімдік құн бойынша есептелуін жалғастырады және құнсызданудан пайда болған шығындарды анықтау мақсатында болашақ ақша ағымдарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы есептеледі. Пайыздық табыстар табыс және шығын есептемесінде қаржылық табыс құрамында көрсетіледі. Несиелер мен сәйкес қорлар өтеудің нақты мүмкіндіктері болмаған жағдайда және барлық қамсыздандыру жүзеге асып немесе Топқа берілген жағдайда ғана есептен шығарылады. Егер келесі жылы құнсызданудан күтілетін шығындар құнсыздану мойындалғаннан кейін пайда болатын жағдайларға байланысты өссе немесе төмендесе, бұрын мойындалған құнсыздану шығыны қор шотын өзгерту арқылы өседі немесе төмендейді. Егер есептен шығану бұдан кейін қалпына келтірілсе, онда қалпына келтірілген сома қаржы шығындарына есептеліп, табыс және шығын есептемесінде көрсетіледі.

#### **с) Қаржы міндеттемелері**

##### ***Бастапқы мойындау және бағалау***

ХБЕС 39 аясындағы қаржы міндеттемелері, жағдайларға байланысты, табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері, басқа қаржы міндеттемелері немесе тиімді хеджерлеу кезінде хеджерлеу құралдары болып арналған туынды құралдар ретінде сұрыпталады. Топ өзінің қаржы міндеттемелерінің сұрыпталуын бастапқы мойындау кезінде анықтайды.

Барлық қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құн бойынша, ал өзге қаржы міндеттемелір жағдайында келісім бойынша туындаған шығындарды қоспай мойындалады.

Топтың қаржы міндеттемелері сауда және басқа кредиторлық берешек, басқа қаржы міндеттемелерінде сұрыпталатын несие және қарыз, сонымен қатар табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелерінің бөлігін құрайтын туынды қаржы құралдарынан тұрады.

##### ***Келесі бағалау***

Қаржы міндеттемелерінің бағалануы келесідей сұрыпталуға байланысты:

##### Табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері

Табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері сауда және қаржы міндеттемелеріне арналған, бастапқы мойындау кезінде табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелерінен тұрады және әділ құн бойынша бойынша бағаланады.

Қаржы міндеттемелері егер олар болашақта сатылу мақсатында алынған болса саудаға арналған деп сұрыпталады. Бұл санат ХБЕС 39 сәйкес хеджерлеуге қатысты хеджерлеу құралдары ретінде көрсетілмеген және Топпен қолданылатын туынды қаржы құралдарынан тұрады.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда болған табыс пен шығын табыс немесе шығын есептемесінде көрсетіледі.

Табыс немесе шығын бойынша әділ құн арқылы бастапқы мойындау кезінде анықталған қаржы міндеттемелері мойындаудың алғашқы күнінде және ХБЕС 39 талаптары сақталған жағдайда ғана анықталады. Топ табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бастапқы мойындау кезінде анықталған қаржы міндеттемелерін көрсетпейді.

##### Басқа қаржы міндеттемелері

Бастапқы мойындаудан кейін, өзге қаржы міндеттемелері тиімді пайыздық мөлшерлеме (ТПМ) тәсілін қолдана отырып тозымпұлданған құн бойынша бағаланады. Табыс және шығын міндеттемелерді мойындау тоқтатылған кезде және ТПМ тозымпұлдау процессі кезінде табыс немесе шығын туралы есептемеде көрсетіледі.

Тозымпұлданған құн ТПМ ажырамас бөлігі болып табылатын шығындар, алымдар, алған кездегі жеңілдік немесе үстемені ескере отырып есептелінеді. ТПМ тозымпұлдануы табыс және шығын есептемесінде қаржы шығындар құрамына қосылады.

##### ***Мойындауды тоқтату***

Қаржы міндеттемелерін мойындау шарт бойынша міндеттеме орындалғанда, жойылғанда немесе мерзімі аяқталғанда тоқтатылады. Егер бар қаржы міндеттемелері сол қарыз берушінің басқа қаржы міндеттемелерімен айтарлықтай ерекшеленетін шарттарда ауыстырылса немесе бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгертілсе, мұндай айырбас бастапқы міндеттемені мойындауды тоқтату және жаңа міндеттемені мойындау болып қарастырылады, ал бар теңгерімдік құндағы айырмашылық табыс және шығын есептемесінде көрсетіледі.

##### **d) Қаржы құралдарын өзара есепке алу**

Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері өзара есепке алынуы тиіс, ал таза сома қаржы жағдайы туралы есептемеде көрсетіледі, егер, және тек қана егер:

- Мойындалған құндарды өзара есепке алуға заңды құқық бар болса; және
- Таза негізде есеп айырысу және бір уақытта активтерді орындап, міндеттемені өтеу ниеті болса.

##### **e) Қаржы құралдарының әділ құны**

Белсенді нарықта саудаласатын қаржы құралдарының әділ құны келісім бойынша туындаған қандай да бір шығындарды қоспағанда, әрбір есеп беру күнінде нарық немесе дилер бағаларына (ұзақ жайғасымдар үшін сатып алушы ұсынған бағасы, ал қысқа жайғасымдар үшін сатушы ұсынған бағасы) сілтеу арқылы анықталады.

Белсенді нарықта сатылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн бағалаудың сәйкес тәсілдерін қолдану арқылы анықталады. Мұндай тәсілдер төмендегілерден тұруы мүмкін:

- Нарықтық сауда келісімдерін қолдану;
- Негізгі бірдей болып табылатын басқа құралдың қазіргі әділ құнына сілтеме;

- Құнсызданған ақша ағымын талдау немесе басқа бағалау тәсілдері.

Қаржы құралдарының әділ құнын талдау және олардың қалай бағаланғандығы туралы қосымша ақпаратты 27 Мәтінде берілген.

### 3.13. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ БАЛАМАЛАРЫ

Ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламалары банктегі ақшалай қаражат, кассадағы ақшалай қаражат және үш ай немесе одан да алғашқы өтеу мерзімі бар қысқа мерзімді депозиттер болып анықталған.

### 3.14. ШЕКТЕЛГЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ

Шектелген ақшалай қаражат жұмысқа қабылданған шет ел азаматарына ұсынылатын кепілдік депозиттер болып келетін банк депозиттерінен тұрады. Бұл депозиттер өздерінің шектелген сипатына орай ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламасы құрамына кірмейді.

### 3.15. САЛЫҚТАР

#### а) Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары сату мен сатып алуды таза негізде реттеуге рұқсат береді. Өтелетін қосылған құн салығы сату бойынша ҚҚС санамағанда сатып алынған тауарлар бойынша ҚҚС құрайды.

*Төленетін қосылған құн салығы*

ҚҚС тауардың және қызметтердің клиенттерге сатылуын және тиісті сауда дебиторлық берешегін мойындаған кезінде төленеді деп мойындалады. Сатып алынған тауарлар мен қызметтер бойынша ҚҚС төленуге қажет сомадан алынып тасталады.

Дебиторлық берешектің құнсыздануы қарастырылған жағдайда, құнсызданудан туындаған шығындар ҚҚС қоса қарыздардың толық сомасында көрсетіледі. Кейінгі қалдырылған ҚҚС бойынша сәйкес міндеттемелер қарыздардысалық салу мақсатында алып тастағанша сақталады.

*Өтелетін қосылған құн салығы*

Өтелетін құн салығы ҚҚС қоса сатып алынған тауарлар мен қызметтерге қатысты болып келеді және егер сатып алу табыс құрау мақсатында жүзеге асқан болса өтеледі.

Әрбір есеп беру күнінде өтелетін ҚҚС құны төленетін ҚҚС қарсы есептелуі тиіс.

#### б) Табысқа салынатын ағымдағы салық

Қазіргі және алдыңғы жылдардың табысқа салынатын ағымдағы салық активтері мен міндеттемелері салық органдарына төленуі немесе өтелуі тиіс сомада бағаланады. Бұл соманы есептеуге қолданылатын салық мөлшерлемесі және заңдары есеп беру күніне қарағанда қабылданған немесе шындығында қабылданған.

Тікелей капиталда мойындалған тармақтарға қатысты табысқа салынатын ағымдағы салық табыс немесе шығын есептемесінде емес, тура капитал құрамында мойындалады. Басшылық салық мәлімдемесінде көрсетілген тиісті салық заңында түсіндірілуі тиіс және, қажет болған кезде, жағдайды орнататын ахуалдарға қатысты позициялардың бағалауын мерзімді түрде жүргізеді.

#### с) Кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салық

Кейінге қалдырылған салық активтер және міндеттемелердің салық базалары арасындағы уақытша айырмашылықтарының міндеттеме тәсілін, сонымен қатар олардың теңгерімдік құнын есеп беру күнінде қаржы есептемесі мақсатында қолдана отырып ұсынылған.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері төмендегіні қоспағанда, барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты көрсетіледі:

- Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі кәсіпорындардың бірлестігі болып табылмайтын және операцияны жүзеге асыру кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын табыс пен шығынға әсерін тигізбейтін келісімдегі бейматериалдық активтер, активтер немесе міндеттемелерді бастапқы мойындаудан туындайды;

- Уақытша айырмашылықтардың көз жетімді болашақта қысқармау мүмкіндігі болса және уақытша айырмашылықтарды қысқарту мерзімін бақылай алатын бірлестіктер және бірлескен ұйымдардағы қатысу үлесімен, еншілес компанияның инвестицияларымен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық есептен шығарылатын уақытша айырмашылықтар үшін, қолданылмаған салық жеңілдіктері мен қолданылмаған салық шығындары үшін мойындалады. Кейінге қалдырылған салық активтері, төмендегіні қоспағанда, есептен шығарылатын уақытша айырмашылықтар, қолданылмаған салық жеңілдіктері және қолданылмаған салық шығындары қарсы қолданылуы мүмкін салық салынатын табыс алынуы мүмкіндігі бар деңгейде мойындалады:

- Егер есептен шығарылатын уақытша айырмашылық қатысты кейінге қалдырылған салық активі кәсіпорындардың бірлестігі болып табылмайтын және операцияны жүзеге асыру кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын табыс пен шығынға әсерін тигізбейтін келісімдегі бейматериалдық активтер, активтер немесе міндеттемелерді бастапқы мойындаудан туындайды;
- Уақытша айырмашылықтардың көз жетімді болашақта қысқармау мүмкіндігі болса және уақытша айырмашылықтарды қысқарту мерзімін бақылай алатын бірлестіктер және бірлескен ұйымдардағы қатысу үлесімен және салық салынатын табысқа қарсы қолданылатын уақытша айырмашылықтарға, еншілес компанияның инвестицияларымен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты.

Кейінге қалдырылған салық активінің теңгерімдік құны қолданылатын кейінге қалдырылған салық активінің барлығын немесе оның бөлігін мүмкін ететін жеткілікті салық салынатын табыстың қолжетімді болу мүмкіндігі жоқ болған жағдайда әрбір есеп беру күніне қарастырылады. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есеп беру күнінде қарастырылады және келешекте салын салынатын активтер кейінге қалдырылған салық активтердің өтелуіне көмектеседі деген айтарлықтай мүмкіндіктің бар деңгейінде мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері активтің жүзеге асқан немесе міндеттеме өтелген жылда қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемесі бойынша және есеп беру күнінде әрекетке келтірілген салық мөлшерлемесі (және салық заңдары) негізінде бағаланады.

Табыс немесе шығыннан тыс мойындалған топтарға қатысты кейінге қалдырылған салық табыс немесе шығыннан тыс мойындалады. Кейінге қалдырылған салық топтары негізгі келісімге сәйкес немесе басқа жиынтық табыс, немесе тікелей капитал құрамында мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері егер айналымдағы салық активтерін қазіргі салық міндеттемелеріне санауға заңды сақталған құқық болса, және кейінге қалдырылған салықтар сол салық салынатын компанияға және салық органдарына тиесілі болса есепке алынады.

### 3.16. РЕЗЕРВТЕР

Егер Топта өткен оқиғалардың нәтижесінде қазіргі заңды және құрылымдық міндеттемесі болса, егер міндеттемені орындауға экономикалық табысы бар қордың жылыстау мүмкіндігі болса және міндеттеме құнына тиісті бағалау орындалса, онда резервтер мойындалады. Егер Топ кейбір немесе барлық резервтердің өтелуін күтсе, мысалы, сақтандыру келісім- шарты бойынша, онда өтеу шындығында нағыз анық болған жағдайда ғана өтеу бөлек актив ретінде мойындалады. Резервке қатысты пайда болған барлық шығындар, өтеуді санамағанда, табыс немесе шығын есептемесінде көрсетіледі.

Егер қаражаттың уақытша құн әсері айтарлықтай болса, резервтер, қажет болған жағдайда, міндеттемеге тән қауіпті бейнелейтін салықты төлеуге дейінгі қазіргі мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконттау тәсілін қолданған кезде уақыт өте келе резервтің өсуі қаржы шығындары ретінде мойындалады.

### 3.17. ТАБЫС ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫ МОЙЫНДАУ

Табыс Топқа келіп түсетін экономикалық кіріс мүмкіндігі бар деңгейде, төлемнің орындалуына қарамастан, табыс нық бағаланған жағдайда мойындалады. Табыс алынған немесе алынуы тиіс сыйақы әділ құны бойынша келісім-шартпен анықталған төлеу шарттарын ескере отырып және салықтар мен бажды қоспай бағаланады. Топ өзінің табысты алу туралы келісімдерін белгілі бір критерий бойынша оның орындаушы немесе өкіл ретінде әрекет ететіндігін анықтау үшін бағалайды. Топ өзінің табыс алу туралы келісім-шарттарында орындаушы ретінде әрекет ететіндігі туралы шешім қабылдады. Төменде көрсетілген мойындаудың нақты критерийлері де табыс мойындалмас бұрын орындалуы тиіс.

#### Қызметтер көрсету

Қызметтердің сатылуы олардың көрсетілген мерзімінде келісім-шарттың жалпы құнының негізінде мойындалады. Бөлме табысы барлық бөлмелер бос болмаған жағдайда, толған қонақ түндерінің негізінде мойындалады алдамадан түскен табыс тура негізде, өндірістік жалдама туралы келісімде анықталатын жалдау мерзімі ішінде мойындалады. Табыстар алынған немесе алынуы тиіс әділ құн бойынша бағаланады. Алынған сыйақының әділ құны нақты бағаланбаған жағдайда, табыс көрсетілген қызметтердің әділ құны бойынша бағаланады.

#### Тауарларды сату

Тауарларды сатудан түскен табыс айтарлықтай тауарды иемденуден туындайтын табыс пен қауіп сатып алушыға өткен жағдайда, әдетте, тауарды жеткізілгеннен кейін, мойындалады.

#### Шығындар

Шығындар олардың пайда болуына қарай мойындалады және есептелу тәсіліне байланысты өздерінің қатысты мерзіміндегі қаржы есептемесінде көрсетіледі.

### 3.18. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТАБЫСЫ

Топ Қазақстан үкіметіне өздерінің қызметкерлері үшін әлеуметтік салықтар төлейді. Қызметкер бойынша әлеуметтік салықтар және онымен байланысты барлық шығындар олардың пайда болуына қарай шығындарға жіктеледі.

Сонымен қатар Топ өзінің жергілікті қызметкерлерінің жалақысынан 10% көлемінде ұстап, зейнетақы қорына жинайды. Заңнамаға сәйкес, қызметкерлер өздерінің зейнетақы қорына жауапты, ал Топтың қызметкерлерге зейнетақыға шыққаннан кейін төлем төлеуге қазіргі және келешек міндеті жоқ.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ, ЕСЕПТЕУЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАМДАРЫ

Топтың шоғырландырылған қаржы есептемесін дайындау басшылықтан табыс, шығын, актив және міндеттемелердің жарияланған құнына әсерін тигізетін қаулылар, есептеулер және болжамдар жасауға, сүйемелдейтін ақпаратты, сонымен қатар шартты міндеттер туралы ақпаратты ашуды талап етеді. Мұнай жорамал және бағалауға қатысты белгісіздік болашақ кезеңдерде активтің немесе міндеттемелердің теңгерімдік құнын айтарлықтай өзгертуді талап ететін нәтижелерге әкеліп соғуы мүмкін.

#### ЕСЕПТЕУЛЕР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР

Келесі қаржы жылында актив немесе міндеттемелердің теңгерімдік құнының айтарлықтай өзгеруін тудыруы мүмкін қауіп бар болашақ немесе негізгі қорларға қатысты есеп беру күніндегі белгісіз бағалаудың басты болжамдары төменде көрсетілген. Топ өзінің бағалаулары мен болжамдарын қаржы есептемелері дайын болған кездегі параметрлер бойынша негіздеген. Болашақ оқиғаларға қатысты қолжетімді оқиғалар мен болжамдар нарықтық өзгерістерді немесе Топтың бақылауында жоқ оқиғалардың туындауына байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болжамдар болған жағдайда көрсетіледі.

#### *Жер және ғимараттарды қайта бағалау*

Топ жер телімдері мен ғимараттарға ХБЕС 16 Мүлік, Зауыт және құрал-жабдықтарға сәйкес рұқсат етілген қайта бағалау тәсілін қолданады. Топ есептік күнге қатысты әділ құнды бағалау мақсатында тәуелсіз бағалау маманын және өзінің ішкі мамандарын жұмылдырады. Топ жер және ғимараттардың әділ құнын анықтау үшін айтарлықтай есептеулері мен болжамдарымен байланысты табыс тәсілін қолданады. Табыс тәсілін қолдану кезінде бағаны шығару үшін қолданылатын негізгі болжамдар болып дисконттау мөлшерлемесі мен болашақ қаражат ағын түспалы саналады. Жердің әділ құны келісім бағалары туралы мәліметі бар бірдей қасиеттермен салыстыруға негізделген салыстырмалы тәсілді пайдалана отырып, нарық ақпараты негізінде сілтеме арқылы анықталады. Ғимараттардың әділ құны бағаланатын ғимараттан күтілетін табысты анықтауға негізделген табыс тәсілін қолдана отырып анықталады. Толығырақ ақпарат 7-ші ескертпеде берілген.

#### *Инвестициялық мүліктің әділ құны*

Компания шығын үлгісін тек қана ақпаратты ашу мақсатында инвестициялық мүлік пен олардың әділ құнын бағалау үшін қолданады. Жердің әділ құны келісім бағалары туралы мәліметі бар бірдей қасиеттермен салыстыруға негізделген салыстырмалы тәсілді пайдалана отырып, нарық ақпараты негізінде сілтеме арқылы анықталады. Коммерциялық жылжымайтын мүліктің әділ құны бағалау нысанына күтілетін табысты анықтауға негізделген табыс тәсілін пайдалана отырып анықталады. Толығырақ ақпарат 8-ші ескертпеде берілген.

#### *Мүлік, зауыт, құрал-жабдықтар және инвестициялық мүліктің жарамдылық мерзімі*

Топ мүлік, зауыт және құрал-жабдықтардың қалған жарамдылық мерзімін жылдық негізде бағалайды. Егер болжалдың бұрынғы бағалардан айырмашылығы болса, өзгертулер бухгалтерлік бағалау ретінде ХБЕС 8 Есеп саясаты, Есеп бағалауы және қателерге сәйкес есептеледі.

#### *Кейінге қалдырылған салық активтері*

Кейінге қалдырылған салық активтері шығын қарсы қолданылатын салық салынатын табыс алыну мүмкіндігі бар деңгейде барлық қолданылмаған салық шығындарына мойындалады. Басшылықтың маңызды пікірлері болашақта салық салынатын табыстың мүмкін мерзімдері мен мөлшері негізінде, сонымен қатар салық жоспарлауының болашақ стратегиялары негізінде мойындалуы мүмкін кейінге қалдырылған салық активтер сомасын анықтау үшін қажет. Толығырақ ақпарат 24-ші ескертпеде берілген.

#### *Үстемелер*

Топ резервтерді күмәнді дебиторлық берешек бойынша құрайды. Айтарлықтар пайымдау күмәнді есептерді бағалау үшін қолданылады. Күмәнді қарызды бағалау кезінде клиенттің тарихи және күтілетін көрсеткіштері есепке алынады. Экономика, өндіріс немесе клиенттің белгілі бір шарттарының өзгеруі қаржы есептемесінде көрсетілген резерв сомасын күмәнді қарыздар үшін өзгертілуін талап етуі мүмкін.

#### *Қаржы құралдарының әділ құны*

Егер қаржы жағдайы туралы есептемеде көрсетілген қаржы активтерінің және қаржы міндеттемелерінің әділ құны белсенді нарықтан алынбайтын болса, ол дисконтталған қаражат ағыны тәсілін қосқанда бағалау тәсілін қолдана отырып анықталады. Бұл үлгілердің кіріс ақпараты, мүмкін болған жерлерде, бақыланатын нарықтан алынған. Ал бұл мүмкін емес болған жағдайда, әділ құнды анықтауға пайымдау деңгейі қажет болады. Пайымдау өтімділік тәуекел, кредит тәуекелі және құбылмалылық сияқты бастапқы деректерден тұрады. Осы факторларға қатысты жорамалдағы өзгерістер қаржы құралдарының әділ құнына әсерін тигізуі мүмкін.

#### ҚАЙТА ТОПТАСТЫРУ

Белгілі бір қайта топтастырулар қазіргі жылдың көрінісіне сәйкес болу үшін алдыңғы жылдың қаржылық жағдайының шоғырландырылған есептілігіне, табыс және шығын туралы шоғырландырылған есептілікке және ақша ағыны туралы шоғырландырылған есептілікке жасалған болатын.

- i) Алдын ала төленген төлемдер (25 мәтін)

Топ жүзеге асыратын даму жобалары әдетте бір жылдан тұратын қысқа мерзімді болып келеді, Топ мұндай жобалардың шеңберінде төленген алдын ала төлемдерді қазіргі активтер деп қарастыруды жөн көреді. Осылайша, жер теліміне құрылыс салу бойынша тиісті тараптарға төленген алдын ала төлемдер 2015 жылдың 31 желтоқсанына қарағанда айналымдағы активтер құрамына енгізілген және 2014 жылдың 31 желтоқсанына қарағанда айналымнан тыс активтерден айналымдағы активтерге қайта топтастырылған.

#### Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілік 2014 жылдың 31 желтоқсанына қарағанда

	2015 ж. көрініс	2014 ж. көрініс
<b>мың тенге</b>		
<b>Айналымнан тыс активтер</b>		
Ұзақ мерзімді алдын ала төлемдер	-	36,508

мың тенге	2015 ж. көрініс	2014 ж. көрініс
Тиісті тараптардан төленуі қажеттілер	434,691	565,303
<b>Айналымдағы активтер</b>		
Басқа алдын ала төлемдер	68,109	31,601
Тиісті тараптардан төленуі қажеттілер	1,129,218	998,606
	<b>1,632,018</b>	<b>1,632,018</b>

ii) Қосылған құн салығы (22 мәтін)

2014 және 2015 жылдары Топ Мурабаха қарыз шарты бойынша ҚҚС-сіз айналымға ҚҚС туралы есеп беру мақсатында қосылған құн салығына байланысты есептелуі мүмкін қосылған құн салығының сәйкестігіне әсерін тигізген қосымша қаржылық шығындарға тап болған. Қосылған құн салығы айналымы Мурабаха тауарлары сатып алынып, сатылғанда пайда болған. Қосылған құн салығы айналымы қарыз шарты бойынша Мурабаха тауарларының сатып алынып, сатылуымен тікелей баланысты болғандықтан, Топ мұндай шығындарды қаржылық шығындар деп қарастырады. 56,319 мың тенге 2015 жылдың қаржы шығындарында көрсетілген, ал 40,533 мың тенге жалпы және әкімшілік шығындардан 2014 жылдың ішінде көрсету мақсатында қаржылық шығындарға қайта топтастырылған.

**Шоғырландырылған қаржылық есептеме 2014ж. 31 желтоқсанына қарағанда**

мың тенге	2015ж. көрінісі	2014ж. көрінісі
Жалпы және әкімшілік шығындар	(512,921)	(553,454)
<b>Өндірістік табыс</b>	<b>853,095</b>	<b>812,562</b>
Қаржылық шығындар	(395,029)	(354,496)
<b>Шығынға салынатын салыққа дейінгі табыс</b>	<b>279,891</b>	<b>279,891</b>

**Ақша ағынының шоғырландырылған есептемесі 2014ж. 31 желтоқсанымен аяқталған жыл үшін**

мың тенге	2015ж. көрінісі	2014ж. көрінісі
Қаржылық шығындар, таза	394,486	353,953
<b>Айналымдағы капитал өзгергенге дейінгі өндірістен түскен қаражат</b>	<b>1,478,631</b>	<b>1,438,098</b>
Трансакциялық шығындар	(45,430)	(4,897)
<b>Қаржылық қызметтерден түскен таза қаражат</b>	<b>46,437</b>	<b>86,970</b>

## 5. САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДАР

**2015 ЖЫЛЫ БОЛҒАН ҚҰРЫЛЫМДАР**

2015 жылдың мамыр айында Компания және «Орал» әлеуметтік кәсіпкерлік бірлестігі» Ұлттық компаниясы Компанияның 70% қатысу үлесі бар Kurmangazy Development ЖШС бірлескен кәсіпорнын құрды. Kurmangazy Development ЖШС (Еншілес компания) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сай Орал қаласында тіркелген. Еншілес компания қызметінің негізгі бағыттары кеңсе ғимараттарының күрделі жөндеуі және жалға берілуі.

2015 жылы Kurmangazy Development ЖШС жалпы аумағы 4,656 шаршы метр жер телімі мен ғимаратты сатып алды. 2015 жылдың 31 желтоқсанына қарағанда Kurmangazy Development ЖШС ғимараттардың күрделі жұмыстары мен қайта құрылуын, сонымен қатар кеңселердің жалға берілуін жүзеге асырады.

Бақыланбайтын мүддеге тән қатысу үлесінің сәйкестігі:

	Заңды тіркеу елі	2015 ж.
Kurmangazy Development ЖШС	Қазақстан Республикасы	30%

Бақыланбайтын қатысу үлесі материалына бөлінетін қаражат:

мың тенге	2015 ж.
Құрылу кезіндегі капитал үлесі	300
Бақыланбайтын қатысу үлесі материалына бөлінетін шығындар	(2,219)

Төменде еншілес компанияның бақыланбайтын үлесі туралы қаржы ақпаратының қысқаша сипаттамасы берілген. Бұл ақпарат компания ішіндегі өзара есеп айырысу сандарына негізделген.

Табыс немесе шығынның жалпыланған есептемесі:

мың тенге	2015 ж.
Кіріс	842
Пайдалану шығысы	(9,429)
Басқа кіріс	1,192
<b>Пайдаға салынатын салыққа дейінгі шығын</b>	<b>(7,395)</b>
Пайдаға салынатын салық шығыны/(пайдасы)	-
<b>Жылдың ішіндегі шығын</b>	<b>(7,395)</b>
Басқа жиынтық табыс	-
<b>Жалпы жиынтық шығын</b>	<b>(7,395)</b>
Бақыланбайтын үлеске жататындар	(2,219)

Қаржылық жағдай туралы жалпыланған есептеме:

мың тенге	2015ж.
Айналымдағы активтер	742,359
Айналымнан тыс активтер	637,783
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(1,075,508)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(311,029)
<b>Жалпы капитал</b>	<b>(6,395)</b>

Бас компанияның капиталын емденушілерге қатысты	(4,476)
Бақыланбайтын үлес	(1,919)
Ақша ағыны туралы жалпыланған ақпарат:	
<b>мың тенге</b>	<b>2015</b>
Өндірістік қызметтер	333,968
Инвестициялық қызметтер	(1,294,579)
Қаржылық қызметтер	968,150
<b>Қаражат және қаражат баламасындағы таза өсу</b>	<b>7,539</b>

## 6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Басқару мақсатында Топ көрсетілен қызметке байланысты бизнес бірліктерге бөлінген және екі есепті операциялық сегменттен тұрады: бөлме және жалдама операциялары, мейрамхана мен барлар. Спорт, демалыс және техникалық қолдауда көрсетілген басқа операциялық сегменттер Топ үшін айтарлықтай маңызды емес, сондықтан олар төменде көрсетілген кестеде «Басқа» деген атауға қосылған.

Басшылық өзінің бизнес сегментінің операциялық нәтижелерінің бақылауын қорды тарату туралы шешімді қабылдау және нәтиже шығару мақсатында бөлек жүзеге асырады. Сегмент қызметі операциялық табыс немесе шығын негізінде бағаланып, сегментке жатпайтын белгілі бір шығындарды қоспағанда, қаржы есептемесінде операциялық табыс немесе шығын бойынша өлшенеді.

2015 жылы Топтың ірі Тапсырыс берушілерінің бірі Топтың жалпы табысының 2,582,951 мың теңгесін құрады (2014: 2,780,895 мың тенге).

Келесі кесте Топтың бизнес сегментіне қатысты ақпаратты ұсынады:

31 желтоқсан 2014ж. аяқталған жылдар	Бөлме және жалдама	Мейрамхана және барлар	Басқа	Өзгертулер және алып тастау	Барлық операциялар
<i>Мың теңгеде</i>					
<b>Табыс</b>	<b>2,782,929</b>	<b>144,498</b>	<b>314,858</b>	<b>-</b>	<b>3,242,285</b>
<b>Нәтижелер</b>	(572,485)	(41,968)	(71,488)	(5,498)	(691,439)
Құнсыздану және тозымпұлдану	421,660	1,315	(57,729)	(163,054)	202,192
Мүлік, зауыт және құрал-жабдықтарды жоғалтудан туындаған шығын	(2,517)	-	-	(13,854)	(16,371)
Қаржы шығындары, таза	(460,078)	-	-	-	(460,078)
Басқа (шығын)/кіріс, таза және шетелдік валюта (шығын)/табыс, таза	3,544	9	876	(263,557)	(259,128)
<b>Сегмент табысы/(шығыны)</b>	<b>985,205</b>	<b>64,071</b>	<b>204,212</b>	<b>(1,054,008)<sup>4</sup></b>	<b>199,480</b>
<b>Сегмент активтері</b>	<b>19,490,249</b>	<b>289,816</b>	<b>746,358</b>	<b>3,570,902<sup>1</sup></b>	<b>24,097,325</b>
<b>Сегмент міндеттемелері</b>	<b>4,747,638</b>	<b>11,946</b>	<b>26,031</b>	<b>2,671,242<sup>2</sup></b>	<b>7,456,857</b>
<b>Сегмент туралы басқа мәлімет:</b>					
<b>Күрделі қаржы шығыны:<sup>3</sup></b>	<b>1,041,000</b>	<b>851</b>	<b>115,395</b>	<b>-</b>	<b>1,157,246</b>

1. Сегмент активтер құрамына әкімшілік мақсаттағы мүлік, зауыт және құрал-жабдықтар (16,746 мың тенге), инвестициялық меншік (889,937 мың тенге), бейматериалдық активтер (1,960 мың тенге), шектелген ақшалай қаражат (183 мың тенге), алдын ала төленген салықтар (83,668 мың тенге), алдын ала төленген

корпоративтік табыс салығы (127,965 мың тенге), сәйкес тараптардан тиесілілер (2,218,720 мың тенге), басқа алдын ала төлемдер (70,244 мың тенге) және ақшалай қаражат пен ақшалай қаражат баламалары (161,479 мың тенге) кірмейді, өйткені бұл активтер топтық негізде басқарылады.

- Сегмент міндеттемелер құрамына ұзақ және қысқа мерзімді қарыздар (381,100 мың тенге), кейінге қалдырылған салық міндеттемелері (2,179,624 мың тенге), төленетін салықтар (94,938 мың тенге) және сәйкес тараптардан тиесілілер (15,580 мың тенге) кірмейді, өйткені бұл міндеттемелер топтық негізде басқарылады.
- Күрделі қаржы шығындар негізгі қаражат шығындарынан және даму кезеңіндегі күрделі жұмыстарға кететін шығындардан тұрады. 2015 жылдың қыркүйегінде Kurmangazy Development ЖШС ғимараты бар жер телімін сатып алып, оны күрделі жүргізілетін жұмыс деп Бөлме және Жалдама Сегментінде сұрыптады.
- Операциялық сегмент табысы жалпы және әкімшілік шығындарды қоспайды (608,045 мың тенге).

31 желтоқсан 2014 ж. аяқталған	Бөлме және жалдама	Мейрамхана және барлар	Басқа	Өзгертулер және алып тастау	Барлық операциялар
<i>Мың теңгеде</i>					
<b>Жылдық кіріс</b>	<b>2,807,661</b>	<b>184,866</b>	<b>238,827</b>	<b>-</b>	<b>3,231,354</b>
<b>Нәтижелер</b>					
Құнсыздану және тозымпұлдану	(614,006)	(35,665)	(22,498)	(1,241)	(673,410)
Мүлік, зауыт және құрал-жабдықтарды жоғалтудан туындаған шығын	(146,058)	(360)	(10,725)	-	(157,143)
Қаржы шығындары, таза	(365,830)	-	-	(28,656)	(394,486)
Басқа (шығын)/кіріс, таза және шетелдік валюта (шығын)/табыс, таза	(67,121)	-	-	45,546	(21,575)
<b>Сегмент табысы/(шығыны)</b>	<b>593,121</b>	<b>52,257</b>	<b>131,785</b>	<b>(497,272)<sup>4</sup></b>	<b>279,891</b>
<b>Сегмент активтері</b>	<b>13,730,949</b>	<b>462,916</b>	<b>330,902</b>	<b>3,179,534<sup>1</sup></b>	<b>17,704,301</b>
<b>Сегмент міндеттемелері</b>	<b>3,187,795</b>	<b>39,262</b>	<b>50,719</b>	<b>1,596,140<sup>2</sup></b>	<b>4,873,916</b>
<b>Сегмент туралы басқа мәлімет:</b>					
<b>Күрделі қаржы шығыны:<sup>3</sup></b>	<b>306,112</b>	<b>10,589</b>	<b>31,194</b>	<b>1,005,609</b>	<b>1,353,504</b>

## 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ

2015	Жер	Ғимараттар	Жиһаз және жабдықтау	Аяқталмаған құрылыс объектілері	Барлығы
<i>Мың теңге</i>					
1 қантарына таза теңгерімдік құн	1,337,740	10,004,996	596,568	279,717	12,219,021
Үстелу	50,859	279,796	280,301	546,290	1,157,246
Негізгі құрал-жабдықтың шығуы	-	(13,740)	(92,172)	-	(105,912)
Аудару	(49,079)	93,878	1,176	(45,975)	-
Жиынтық табыс туралы есепте танылған қайта бағалау	1,016,520	4,330,456	-	-	5,346,976

2015	Жер	Ғимараттар	Жиһаз және жабдықтау	Аяқталмаған құрылыс объектілері	Барлығы
Құнсыздануынан шығындарды қайтару	-	359,260	-	-	359,260
Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құрамына көшіру	-	-	-	(7,417)	(7,417)
Жыл ішіндегі амортизациялық есептеулер	-	(273,797)	(309,157)	-	(582,954)
Негізгі құралдардың шығуына байланысты амортизация	-	1,979	64,614	-	66,593
<b>31 желтоқсанына таза теңгерімдік құн</b>	<b>2,356,040</b>	<b>14,782,828</b>	<b>541,330</b>	<b>772,615</b>	<b>18,452,813</b>
Толық есеп құны	2,356,040	15,588,344	3,424,222	772,615	22,141,221
Жинақталған құнсыздануы	-	(805,516)	(2,882,892)	-	(3,688,408)
<b>31 желтоқсанына таза теңгерімдік құн</b>	<b>2,356,040</b>	<b>14,782,828</b>	<b>541,330</b>	<b>772,615</b>	<b>18,452,813</b>

Аяқталмаған күрделі құрылыстан аудару - негізінен 2015 жылы аяқталған жобалар болып табылады - әлеуметтік клуб және орталық қойма. Жиһаз және басқа да жабдықтардың үстелуі техникалық жабдықтарды сатып алудан тұрады. Аяқталмаған құрылыс объектілерінің үстелуі Орал қаласындағы Kurmangazy Development ЖШС-нің жобасымен жасалып жатқан кеңсе ғимаратын қайта жаңарту жұмыстарға байланысты.

2014	Жер	Ғимараттар	Жиһаз және жабдықтау	Аяқталмаған құрылыс объектілері	Барлығы
<i>Мың теңге</i>					
1 қантардағы таза теңгерімдік құн	1,310,372	10,233,136	875,856	116,353	12,535,717
Үстелу	68,992	16,008	59,312	193,716	338,028
Негізгі құрал-жабдықтың шығуы	-	-	(195,173)	-	(195,173)
Аудару	-	18,718	11,634	(30,352)	-
Құнсыздануынан шығындарды қайтару	-	(13,805)	-	-	(13,805)
Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құрамына көшіру	(41,624)	-	-	-	(41,624)
Жыл ішіндегі амортизациялық есептеулер	-	(249,061)	(334,317)	-	(583,378)
Негізгі құралдардың шығуына байланысты амортизация	-	-	179,256	-	179,256
<b>31 желтоқсанына таза теңгерімдік құн</b>	<b>1,337,740</b>	<b>10,004,996</b>	<b>596,568</b>	<b>279,717</b>	<b>12,219,021</b>
Толық есеп құны	1,337,740	10,538,694	3,234,917	279,717	15,391,068
Жинақталған құнсыздануы	-	(533,698)	(2,638,349)	-	(3,172,047)
<b>31 желтоқсанына таза теңгерімдік құн</b>	<b>1,337,740</b>	<b>10,004,996</b>	<b>596,568</b>	<b>279,717</b>	<b>12,219,021</b>

Аяқталмаған күрделі құрылыс құрамынан ғимараттар, жиһаз және жабдықтау құрамына аудару - негізінен 2014 жылы жасалған күрделі жөндеу жұмыстарынан тұрады.

